



ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

3-БЕТ | ЕЛ ТЫНЫСЫ



ІШКІ ТУРИЗМ КҮШТІ ТУРИЗМ БОЛМАЙ ТҮР

7-БЕТ | САРАПТАМА



ҚАНЫШ ПЛАНЕТАСЫ

8-БЕТ | ТҰЛҒА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз Өзбекстанмен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Қазақ пен өзбек – ежелден достығы мызғымас, сыйластығы жарасқан бауырлас халықтар. Екі елдің салт-дәстүрі, мәдениеті, тілі, діні ұқсас. Тарихы тамырлас, тағдырлас елдеріміздің мақсат-мұраты да ортақ. Сондықтан мен бүгінгі сапарға айрықша мән беремін. Біз тату көршілікке және сенімді серіктестікке негізделген қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтереміз деп сенемін.

№94
(4682)
Бейсенбі
8 тамыз
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАУЫРЛАСТЫҚ БЕЛЕСІ

Кеше Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді.

Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентінің көмекшісі Саида Мирзиёеваны қабылдап, екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуды талқылаған еді. Енді Президенттер әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени бағыттағы бірлескен жұмыстары туралы пікір алмасты.

Өзбекстан Президентінің сапары аясында қала тұрғындары мен қонақтарын көрші елдің бай мәдени мұрасымен, дәстүрлерімен таныстырған бірнеше маңызды іс-шаралар өтуде. Кеше Ұлттық музейінде Өзбекстанның бейнелеу және қолданбалы өнер көрмесі ашылды. Экспозицияда ағаштан жасалған бұйымдар, сюзане кестелері, адрас, қолдан тоқылған жібек, шекіме және миниатюралық шеберлердің жұмыстары, сондай-ақ әртүрлі аймақтардан келген керамика сияқты 180-нен астам жұмыс ұсынылды.

БІРЛЕСКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

2024 жылдың 9 тамызында Астанада Орта Азия мемлекет басшыларының алтыншы консультативтік кездесуі өтеді.

Бүгінде көрші елдердің достық және одақтастық рухындағы өңірлік ықпалдастықтың деңгейі жоғары. Енді одан әрі нығайту мәселелерін қарастырып, бірлесе шешу маңызды. Консультативтік кездесуде осындай ортақ мәселелер жан-жақты талқыланады.



«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» БАСТАЛДЫ

«Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы басталды. Астана қаласы Есіл ауданы әкімдігі ұйытқы болған іс-шарада әлеуметтік осал тобына жататын отбасы балаларына оқу-құралмен жабдықталған 100 портфель сыйға тартылды.

Жаңа оқу жылында елдегі мектептерге, колледждерге және жоғары оқу орындарға 3,9 млн жасөспірімдер мен жастар барады. Оның 360 мыңы – бірінші сынып оқушылары.

1 қыркүйектен бастап 1,7 млн оқушы тегін тамақтанатын болады. Жыл сайын әлеуметтік осал санаттағы отбасыларға көмек көрсетіледі. Биыл 510 мың бала мектепке дайындалу үшін тиісті көмекпен қамтылды. Бұл туралы Үкімет отырысында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мәлімдеді.

НАЗЫМҒА ҚОЛА БҰЙЫРДЫ

Париж Олимпиадасында өнер көрсеткен Назым Қызыбай қола медальға ие болды. Ол жартылай финалда қытайлық Ву Юмен кездесіп, финалға жолдаманы сарапқа салды.

Тартысты өткен жекпе-жекте Назым Қызыбай 4:1 есебімен жеңіліс тауып, төртжылдықтың басты додасында қола медальды қанағат тұтты.

Қытайлық боксшы Ву Ю – әлем чемпионы және Азия ойындарында топ жарған тәжірибелі боксшы.

Айта кетейік, қазіргі уақытта ел қоржынында 1 алтын, 1 күміс, 3 қола медаль бар.



Астанада «QALAQYZMET» қалалық қызметтер орталығының жаңа филиалы ашылды.

Сарыарқа ауданындағы қалалық қызметтер орталығы дүйсенбі мен жұма күндері 08:30-дан 18:00-ге дейін жұмыс істейді.

Порталдың жұмыс кестесі мен пайдалануға қатысты сұрақтарды +7 (775) 923-61-53 телефонына немесе IKOMEK 109 қызметіне хабарласып білуге болады.



АСТАНА ӘКІМДІГІ
ЕЛОРДАЛЫҚ ЖОҒАРЫ
ОҚУ ОРЫНДАРЫНА

900-ге

ЖУЫҚ БІЛІМ
ГРАНТЫН БӨЛДІ.





ОБЛЫС ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановты қабылдады. Президентке өңір басшысы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есеп берді.

Марат Ахметжановтың айтуынша, өңдеу өнеркәсібінде, ауылшаруашылығының жалпы өнім көлемінде, көлік қызметі мен байланыс саласында оң динамика байқалады. Сонымен қатар облыс әкімі экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін қолға алынған шаралар туралы айтты. Агроөнеркәсіп саласында дөңді дақылдардан 5 миллион тоннадан астам өнім алу көзделіп отыр. Мемлекеттік қаржы институттарының қолдауымен 7 ірі тауарлы сүт фермасы салында. Биыл өңдеу өнеркәсібінде 9 жобаны іске қосу жоспарланған. Жалпы, облыс экономикасына 179 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Өңірдің инвестициялық портфелінде 187 жоба бар. Олардың аясында 1,7 мың жұмыс орны ашылмақ. Облыс экономикасын одан әрі әртараптандыру мақсатында Аршалы ауданында республикалық маңызы бар Ақмола индустриялық аймағы құрылды. Әлеуетті инвесторларды тарту және оларға «бір терезе» қағидасы бойынша

қолдау көрсету үшін елордада Ақмола invest инвестицияларды дамыту орталығы ашылды.

Президентке су тасқынының салдарын жою және зардап шеккен азаматтарды қолдау шараларының орындалу барысы жөнінде мәлімет берілді. Бүгінде 711 үй толық жөнделуі үшін 331 үйдің құрылысы жүріп жатыр, 221 тұрғын үй сатып алынған. 1782 отбасыға бір реттік көмек берілді. 814 отбасының мүлкіне келген залал өтелді. Жабай және Қылшақты өзендерінің арналары тазартылып, айналма каналдар салынып жатыр. Сонымен қатар жағалауларды нығайту жұмыстары қолға алынған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылыту маусымына дайындық, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және облыс орталығын абаттандыру туралы баяндалды. Көкшетау қаласының тұрғын үй қорын жаңғырту және жаңарту үшін 150 ескі үйді бұзу, сондай-ақ 32 көппәтерлі үй салу жоспарланған. Биыл 2 мыңнан астам отбасының баспана жағдайы

жақсарады. Көкшетау, Степногорск және Атбасар қалаларында жалпы ұзындығы 26,4 шақырым болатын жылу желісі жөнделіп жатыр. Бұл желілердің тозу деңгейін орта есеппен 4,2 пайыз төмендетуге мүмкіндік береді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 9 мектептің құрылысы аяқталады. Оның төртеуі жаңа оқу жылы басталғанға дейін пайдалануға беріледі. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы бойынша 43 мың тұрғынға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 38 нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр.

Президент кездесу соңында Ақмола облысының стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру жұмысын жалғастыруды тапсырды. Мемлекет басшысы өңірдің еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқаратынына назар аударып, агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту, соның ішінде егін жинау науқанын уақтылы әрі сапалы атқару маңызды екенін атап өтті.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫ КЕҢЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары қазақ-түрікмен қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанына назар аударып, Қазақстан Президентінің биыл

құзде Түрікменстанға жоспарланған сапарының дайындық барысын талқылады. Әңгімелесу барысында көлік-логистика, энергетика,

мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңызды екені атап өтілді.

ҰЛТТЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекітті.

Құжатта 2023 жылы Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында орнықты, сапалы және инклюзивті өсу траекториясына шығу мақсатында экономикалық дамудың жаңа парадигмасын іске асыру қажеттігін белгілеп бергені атап өтілген.

«Орташа табыс тұзағынан» құтылу және Қазақстанның табысы жоғары елдер қатарына орнығуы үшін берік институционалдық және әлеуметтік-экономикалық негіздерді қалыптастыру – орта мерзімді кезеңге арналған дамудың негізгі мақсаттары. Жаһандық экономикалық, климаттық және технологиялық мегатрендтердің артып келе жатқан қысымы, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық салада жинақталған теңгерімсіздіктердің қауіпті деңгейі жағдайларында қойылған міндетке қол жеткізу міндеттерге басымдық беруді және елді дамытудың жаңартылған орта мерзімді жоспарын қалыптастыруды талап етеді» делінген құжат мәтінінде.

Протекционизм мен шектеу шараларының күшеюі аясында қатар басталған жаһандық тізбектер мен сауда-экономикалық байланыстарды қайта құру үрдісі әлемдік экономиканың

өсу әлеуетінің төмендеуіне, жоғары инфляцияның ұзақ цикліне және инвестициялар үшін жоғары бәсекелестіктің болуына әкелді. Мұндай жағдайларда Қазақстан экономикасының экспорттық-шикізат моделі бюджет кірістерін қалыптастыру және оны әртараптандыруға инвестиция салу мүмкіндігі тұрғысынан шектеледі.

«2014 жылдан бастап ұлттық экономиканың орташа жылдық өсу қарқыны баулауды және бүгінде 5 пайыздан аз. Аса жеткіліксіз инвестициялау, инновацияның және экономика өнімділігінің төмен деңгейлері аясында бұл жойылып бара жатқан негізгі қорларды дамыту әрі орнын толтыру үшін жеткіліксіз. Бұл ретте, 2022 жылы ЖІӨ-нің 15 пайыздан астамы және Қазақстан экспортының 70 пайызы минералдық шикізатпен байланысты салаларға тиесілі болды. Сонымен бірге, қазба отындарына әлемдік сұраныстың шарықтау шегі жақындаған сайын және ресурстық базаның сақталуымен экономикадағы құрылымдық өзгерістердің, сондай-ақ мемлекеттік қаржы саласында теңгерімді саясат жүргізудің қажеттілігі артады» деп жазылған құжатта.

Қазақстан Республикасының

2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары шеңберінде экономикалық қайта құрулардың негізінде жатқан бес бірізді қағидат айқындалды:

– Жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру және тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту үшін бәсекелестікті ырықтандыру әрі ынталандыру;

– Кәсіпкерлікті қорғау және дамыту, сондай-ақ экономиканың өсуі үшін оны жеткілікті инвестициялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін инвесторлар үшін түсінікті, болжамды және тартымды экономикалық саясат;

– Сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және кәсіпкерлік пен шығармашылық бастаманы қолдауға баса назар аударатырып, қазақстандықтардың әлеуетін ашу;

– Инновациялық белсенділікті кеңейту, салалар мен кәсіпорындарды жаңғырту және цифрландыру арқылы экономиканың өнімділігі мен күрделілігін арттыруға баса назар аудару;

– Өңірлердің дамуында аса үлкен алшақтыққа жол бермеу және өңірлердің өз әлеуетін әрі үлкен экономикалық дербестігін іске асыру үшін жағдай жасау.

Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

ЕКІ ЕЛ ДОСТЫҒЫНЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Өзбекстан Республикасы президентінің көмекшісі Саида Мирзиёевамен бірге «Zakovat» зияткерлік клубы ұйымдастырған іс-шараға қатысты.



Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген Ерлан Қарин «Zakovat» жобасы екі ел арасын жалғастыратын бір алтын көпірге айналғанын және екіжақты мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға оң ықпал ететінін атап өтті.

Сондай-ақ ол Қазақстан Пре-

зиденті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамда прогрессивті құндылықтар мен ұстындарды, білім культін, кәсіби шеберлікті құрметтеу дағдысын орнықтыру қажеттігі туралы ұдайы айтып келе жатқанына назар аударды. Соңғы жылдары Қазақстанда

педагогтардың, дәрігерлердің, мәдениет және өнер қайраткерлерінің мәртебесін көтеруге, креативті индустрияны қолдауға қатысты нақты шаралар қабылданғанын, жас ғалымдардың зерттеулері мен тағылымдамалардан өтуіне арналған грант саны

артқанын, Президенттік жастар кадрлық резерві құрылғанын айтты. Аталған құндылықтар мен бастамалар «Zakovat» клубының идеологиясымен үндеседі.

Бұдан бөлек, Мемлекеттік кеңесші Қазақстан мен Өзбекстанның ауқымды өзгерістер жолында сеніммен қадам басып келе жатқанын жеткізді.

Ерлан Қарин сөзін қорытындылай келе, екі мемлекет арасындағы көпжақты ынтымақтастық бауырлас халықтардың игілігі үшін алдағы уақытта да нығая түсетініне сенім білдірді.

Саида Мирзиёева өз сөзінде жастар әрдайым жасампаздық үдерістерінде маңызды рөл атқарып, өркениеттің басты қозғалышы күші болатынын айтты. Осыған байланысты ол «Zakovat» жобасының екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық серіктестікті кеңейтудегі маңыздылығын атап өтті. Саида Мирзиёеваның айтуынша, мұндай жобалар Орталық Азия елдерінің адами капиталының сапасын арттыруға оң ықпал етеді.

Сонымен қатар өзбек делегациясының басшысы Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің белсенді саяси диалогы Орталық Азияның қауіпсіз, өркендеген аймақ ретіндегі мәртебесін нығайтуға септігін тигізетінін айрықша атап өтті.

Әлеуметтік осал топтар санатына жататын 100 мыңнан астам азамат үшін тегін жол жүруді сақтау – Amanat партиясы Астана қалалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау жол картасының басым бағыты.

116 МЫҢ АДАМ ТЕГІН ЖҮРЕДІ

Биылғы 5 айда бекітілген ережелерге сәйкес елорданың мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарынан 116 мың адам тегін жол жүрумен қамтылды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы хабарлады.

Астана мәслихатының шешімімен қоғамдық көлікте жасы мен еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа толған асыраушысынан айырылған және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар, көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жаңдар, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар, 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар балалар, олардың ата-аналарының бірі, заңды өкілдері, 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысушылар қатарынан саяси қуғын-сүргін құрбандары «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту» туралы заңында белгіленген тәртіпке сәйкес тегін жүре алады.

Қазақстанда жаңа оқу жылында 3,9 миллион оқушы мектепке барады, оның 360 мыңға жуығы – бірінші сынып оқушысы. 1 қыркүйекке қарай елде 61 жаңа мектеп есігін ашады. 2024 жылға арналған жоспарға сәйкес, елде 536 мың оқушыға арналған 302 жаңа білім ордасы жұмысын бастайды.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов білім беру инфрақұрылымының және бүкіл оқу процесінің жаңа оқу жылына толық әзірлігін қамтамасыз етудің маңызды екенін баса айтты. Пайдалануға берілгеннен кейін мектептерді бала қабылдауға дайындау үшін үлкен жұмыс атқарылатыны атап өтті. Ғимараттарға, оқу кабинеттеріне, асханаларға қойылатын барлық қауіпсіздік шарттарын, санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы талаптарды орындау керек, әсіресе, мектептерді жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етіп, пәндік кабинеттерді, зертханалар мен спорт залдарын жабдықтауды маңызды екенін ескертті.

Үкімет басшысы бірқатар өңірде кейбір оқу орындарының дайындығы алаңдаушылық туғызып отырғанын айтты. Мәселен, жаңа оқу жылына дейін үлгермей қалу қаупі жоғары білім ошақтарының жетеуі Ақтөбе облысында орналасқан.

– Құрылыс жұмысы негізсіз созылып кетті. Осы бағытта барлық күш-жігерді біріктіріп, нысандардың белгіленген мерзімде тапсырылуын қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ тамыз айында күрделі жөндеу жұмыстарының барлығы аяқталуға тиіс. Алайда 18 мектепте жоспарланған жұмыстардың 30 пайызы ғана орындалды. Бұл Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облысына қатысты. Аталған өңірлер шұғыл шаралар қабылдана болмайды. Балалар таза әрі ыңғайлы кабинеттерде білім алуы үшін оқу процесі басталғанға дейін жөндеу жұмыстарын аяқтаңыздар. Оқу жылы басталғанша, физика, химия, биология, робототехника бойынша мыңға жуық пәндік кабинет сатып алынуы керек. Өңір әкімдіктері Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, барлық мектептерде заманауи пәндік кабинеттер ашу үшін кешенді жаңғырту жұмысын уақтылы қамтамасыз етуі қажет. Бұл жұмысқа салғырт қарауға болмайды, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет отырысында білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік мәселесі де жан-жақты талқыланды. ИМ биыл 2 655 нысан тексерілді, 1 мыңнан астам бұзушылық анықталды. Құқық қорғау органдары арқылы 95 млн теңгеге айыппұл салынып, 340 басшы жауапкершілікке тартылды. Бүгінде көптеген білім беру ұйымы бейнебақылаумен 100 пайыз жабдықталды, алайда жеке құрылымдар камераларының тек 55 пайызы Жедел басқару орталығына шығарылды. Ең нашар жағдай Жамбыл, Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы қаласында қалыптасып отыр. Ішкі істер министрі атап өткендей, жекелеген нысандарда күзетшілердің көбі – қарапайым вахтерлер мен зейнеткерлер.

– Өңір әкімдері білім беру ұйымдарын лицензияланған күзетпен, турниктермен, жедел басқару орталықтарына қосылған камералармен жабдықтауы керек. Ішкі істер министрлігі осы бағытта тексерулерді жалғастырысын. 1 қыркүйекке қарай қауіпсіздік жүйесімен жабдықтау үлесін 90 пайызға дейін қамтамасыз етіп, жыл соңына дейін 100 пайызға жеткізу міндет, – деп атап өткен Олжас Бектенов



ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ОЙДАҒЫДАЙ МА?

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдегі білім беру мекемелерінің жаңа оқу жылына дайындық мәселесі қаралды. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және Ішкі істер министрі Ержан Сәденов атқарып жатқан жұмысы туралы баяндады. Сондай-ақ жекелеген өңір әкімдері тыңдалды.

вице-премьер Тамара Дүйсеноваға әкімдіктер жүргізіп жатқан жұмысты жеке бақылауына алуын тапсырды.

САПАЛЫ БІЛІМ – САПАЛЫ АДАМИ КАПИТАЛ

Үкімет отырысында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев: – Әкімдіктер тарапынан тегін тамақтандыруды ұйымдастыру үшін қажетті қаражат бөлініп отыр. Яғни, 1 қыркүйектен бастап 1,7 миллион оқушы тегін тамақтанады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 100 мың балаға артық. Жыл сайын әлеуметтік осал санаттағы отбасыларға көмек көрсетіліп келеді. Биыл 510 мың бала мектепке дайындалу үшін тиісті көмекпен қамтылды. Осы мақсатта жергілікті бюджеттен 22,6 млрд теңге қарастырылған» деп мәлімдеді.

Министр мектеп инфрақұрылымын жақсарту, пәндік кабинетпен жабдықтау, сапалы интернетпен қамтамасыз ету, білім ордаларының маңызды жол инфрақұрылымын жетілдіру және кәсіптік білім беруге байланысты іс-шараларды сөз етті.

Қолайлы орта құру мақсатында 280 мектепте күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. Оның

“

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА

3,9 млн

ОҚУШЫ МЕКТЕПКЕ БАРАДЫ, ОНЫҢ

360 000

ЖУЫҒЫ – БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫСЫ. 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕ

61

ЖАҢА МЕКТЕП ЕСІГІН АШАДЫ. 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС, ЕЛДЕ 536 МЫҢ ОҚУШЫҒА АРНАЛҒАН 302 ЖАҢА БІЛІМ ОРДАСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

ішінде 222 мектептегі күрделі жөндеу жұмысы оқу жылының басына дейін аяқталады. 58-інде құрылыс-монтаждау жұмысының белгіленген мерзіміне сәйкес аяқтау көзделді. Бұл – Қарағанды, Алматы облысы, СҚО мен ШҚО және Алматы қаласы. Су тасқыны салдарынан барлығы 40 білім беру нысаны (11 балабақша, 22 мектеп, 7 қосымша білім беру нысаны) зардап шекті. Бүгінгі таңда қалпына келтіру жұмысы 5 нысан бойынша аяқталды. Министрдің айтуынша, 16 нысан бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар 19 нысан бойынша тәуекелдер бар. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында салынып жатқан мектептердің 20-сы мерзімінен бұрын биылғы 20 тамызға дейін іске қосылады. Жалпы, 2024 жылы 536,0 мың жаңа оқушы орнына арналған 302 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда.

Биыл 1383 робототехника, химия, биология, физика, STEM пәндік кабинеттерін сатып алу жоспарланды. Дегенмен, жоспардың орындалмау қаупі Алматы, БҚО, Қостанай және Ұлытау облыстарында

байқалады.

Starlink спутниктері 1879 мектептің 1731-де орнатылды. 137 шекара маңындағы мектепте Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі терминаторларды жандандыру жұмысын жүргізуде. Дегенмен, Жамбыл, ШҚО, Атырау, Павлодар, Түркістан, БҚО және Ұлытау облыстарының әкімдіктері интернет жылдамдығы төмен мектептердегі мәселелерді тезірек шешуі тиіс.

ҒЫЛЫМ ДАМУМАЙ, ЕЛ ӨРКЕНДЕМЕЙДІ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары оқу орындарының қызметін өндірістің нақты сұраныстарын шешуге қарай бағыттап отырып, ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың жаңа тетіктерін әзірлеуге қатысты тапсырма аясында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Бірінші кезекте жоғары ғылыми-техникалық комиссияның жұмысы өзгертілді. Комиссия құрамына елдегі ең ірі кәсіпорын басшылары шақырылды, бұл ғылым мен экономиканың негізгі салалары арасында тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы әрбір ірі кәсіпорын жанынан келісім бойынша түйткілді мәселелерге қатысты ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу жөніндегі арнайы комитеттер құрылады. Мәселен, мұндай комитеттер Kazakhmys, ERG, Qazmet кәсіпорындары жанынан құрылып, отандық ғалымдар комбинаттардың қызметіне ғылыми қолдау көрсетумен айналысатын болады.

– Енді біз тапсырысты, ғылыми өзекті тақырыптар мен ғылыми зерттеулер бағыттарын ғалымдардан сұрамаймыз. Біз өндіріске барып, ондағы шешімі ғылымның үлесін қажет ететін нақты технологиялық мәселелерді зерттеп, жинақтаймыз. Яғни, ғылыми ортаның алдына тапсырысты сол өндіріс қояды, – деді министр Саясат Нұрбек.

Трансформация өңірлік жоғары оқу орындарына да әсер еткені атап өтілді: университеттер халықаралық ынтымақтастықты нығайта отырып, неғұрлым тереңдетілген ғылыми-зерттеу жұмыстарына көшуді бастады.

Биыл қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заң аясында Ғылым қоры салаға қосымша инвестиция тарта отырып, бизнеспен тығыз байланыста жұмыс істей бастады.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Үкімет отырысында Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі Ержан Сәденов жаңа оқу жылына дайындық аясында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан іс-шаралар туралы баяндады.

Басқарма басшысы барлық өңірлерде жүргізілген жол-көлік инфрақұрылымын тексерудің қорытындысы туралы хабарлады. Ішкі істер министрлігі ұсынған ұсыныстардан кейін әкімдіктердің қатысуымен қажетті қауіпсіздік элементтері: жаяу жүргіншілерге арналған бағдарламалар, жылдамдықты шектейтін жасанды кедергілер, жол белгілері мен ақпараттық панельдер, қоршаулар мен автотұрақтар орнатылды. Құқық қорғау органдары арқылы барлық білім беру нысандары тексерілді. Қазіргі таңда білім ошақтарының 70 пайызы талапқа сәйкес деп танылған. Алайда, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарында аталған жұмысты жандандыру қажет.

«Оқу жылы қарсаңында 26 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында республика бойынша «Абайлаңдар – балалар!» атты алдын алу шарасы ұйымдастырылмақ. Басты мақсат – балалар жарақатын азайту және балалардың жол қозғалысы ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. 1 қыркүйектен бастап патрульдер білім беру ұйымдарына жақын маңға орналастырылады. Әрбір мектеп пен колледжде учаскелік инспекторлар мен жедел уәкілдер бекітілген. Мектептер қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша сабақтар өткізеді. Оқу-ағарту министрлігі оларды ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек» деді Ержан Сәденов.

Биыл Ішкі істер министрлігі 2655 білім беру нысанының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексерді. Оның барысында 1 мыңнан астам бұзушылық анықталып, 340 басшы жауапкершілікке тартылды. 95 млн теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қазіргі таңда еліміздегі оқу орындары бейнебақылаумен жабдықталған. Алайда жекелеген ұйымдардағы камералардың тек 55 пайызы Жедел басқару орталығына шығарылған. Ең нашар жағдай Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында.

Жеке нысандардың 85 пайызы дабыл түймелерімен жабдықталған. Шығыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстары дабыл түймелерімен ең аз орнатылған аймақтарға жатады.

Министр 700-ден астам адам оқитын ұйымдар радиобайланыспен, қызметтік қарумен және мобильді жедел әрекет ету топтарымен жабдықталған лицензиясы бар күзетшілерді жалдау керектігін атап өтті. Бүгінгі таңда мемлекеттік мекемелердің 79 пайызы қорғалған. Төмен көрсеткіштер Түркістан, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында тіркелді.

«5234 жекеменшік ұйымдардың 65 пайызы қамтамасыз етілген. Бұл бағыттағы жұмыстар Жетісу, Ақтөбе, Атырау облыстарында нашар ұйымдастырылған. Күзетшілердің көпшілігі – зейнеткерлердің арасынан шыққан қарапайым вахтерлер. Мұндай жағдайларда оқушылар қауіпті заттарды кедергісіз кіргізе алады. Мекеме әкімшілігі күзетке қойылатын талаптарды техникалық шарттарда көрсетуге құқылы екенін атап өткізіп келеді» деді Ержан Сәденов.



№94 (4682) 08/08/2024 Бейсенбі



JOLTAP – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек JOLTAP жобасының аралық қорытындысына қатысып, жоба түлектерімен және жұмыс берушілермен кездесті.

Шаһарат ӘБДІР

Кездесу барысында қала әкімі тұрғындарды жұмысқа орналастыру, жұмыссыздарға көмектесу және олардың жұмыспен қамтылуына жәрдем беру үшін былтыр осы жобаның іске қосылғанын атап өтті. Жоба аясында 18,5 мың елордалық мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алып, 5 мыңнан астамы қысқа мерзімді курста маманданып, 3 мыңға жуық азамат жұмысқа орналасты.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында іске асқан, жоба аясында қала тұрғындары «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы 8 жұмыс дағды (тігінші, модельер-конструктор, бухгалтерлік есеп негіздері, кор-

пустық жиһаз жасау негіздері, сатушы-кассир, электр газбен дәнекерлеуші, бариста, аяқ киім жөндеу) және 7 цифрлық дағды (SMM, сайт жасау, видеомонтаж, графикалық дизайн, мобилография, маркетингтердегі сауда, таргет) бойынша тегін оқу курсынан өткенін атап айтқан шаһар басшысы:

«Жоба аясында қатысушылар теориялық қана емес, практикалық білім де алады. Сол сияқты оларға сертификаттар беріліп, жұмысқа орналасуға көмек көрсетіледі. Оқыту ұзақтығы бағдарламаға байланысты он күндік курстан бір жарым айға дейін созылады» деді.

Ал жобаның серіктесі болған жиһаз жасаушылар саладағы мамандықтар пулын одан әрі кеңейтуге көмектесетінін айтса, «Danmark» тігін фабрикасы директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Даниэль Бо-

латқұлов аталған жобаның кадр тапшылығын реттеуге де ықпал етіп отырғанын айтады.

– Астанада 32 колледждің тек 6-уы ғана тігіншілер дайындайды. Ал осы түлектердің төрттен бір бөлігі өз мамандығы бойынша жұмыс істейді. JOLTAP жобасы өз кезегінде бұл ауыртпалықты жеңілдетеді. Адамдар нарықта сұранысқа ие мамандықты меңгереді. Тәжірибелі мамандардан тәлім алады. Сондықтан да енді біз тігіншілерді тек JOLTAP жобасы арқылы қабылдайтын боламыз, – дейді ол.

Кездесу соңында «JUMYSTAR» отандық платформасы таныстырылды. Платформа Қадрлық тапшылық пен жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған. Сонымен қатар JOLTAP жобасы туралы барлық сұрақтар бойынша 8 707 221-31-31 нөмірі бойынша Call-орталыққа хабарласуға болады.



«АБАЙ ДАРА, АБАЙ ДАНА ҚАЗАҚТА»

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына және 10 тамыздағы Абай күніне орай № 49 «Алтынай» балабақшасында «Абай дара, Абай дана қазақта» атты балабақша тәрбиеленушілері мен педагогтары арасындағы мерекелік іс-шара өтті.

Шаһарат ӘБДІР

Аталған іс-шараның басты мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың бойына Ұлы ақынның баға жетпес мол мұрасын санасына сіңіру және өскелең ұрпақтың ұлттық рухы мен патриоттық сезімдерін ояту екенін айтқан №49 балабақша меңгерушісінің міндетін атқарушы Лаура Дуйсекулова балабақшада мұндай іс-шара тек қана Абай күніне орай ұйымдастырылып отырғанын, Абай мұраларын жыл бойы дәріптеп келе жатқандықтарын айтады.

– Абай тек арнайы бір күнгі

мерекеді ғана аты аталып қалатын тұлға емес. Ол – тұтас қазақтың жаны. Сондықтан да біз жыл бойы Абай шығармаларын дәріптеу мақсатында балабақшамыздан «Абай аманаты» тақырыбындағы эксперименттік алаң ашқан болатынбыз. Эксперименттік алаңның іске асырылу мерзімі – 3 жыл. Мұндағы мақсатымыз – балаларға қазақ тілін меңгерудің тиімді жолын анықтау, қазақ тілі арқылы ұлттық құндылықтарды дамыту. Өрі Абай шығармашылығы арқылы балалардың таза, анық, тартымды сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Сонымен қатар біз заманауи үлгіде Абай шығармашылығын

халық арасында кеңінен насихатталуы үшін оның 45 қара сөзін, арнайы QR кодпен белгілеп қойдық. Оны осында келген ата-аналар да телефоны арқылы сканерлеп жүктеп ала алады. Бұл арқылы біз балалардың ғана емес, олардың ата-аналарының да Абай шығармашылығына деген қызығушылығын арттырып отырмыз, – дейді Лаура Бекқалиқызы.

Ал іс-шара барысында балалар арнайы сахналық қойылым арқылы бала Абайдың өміріне саяхат жасап, оның әжесі Зеренің айтқан ертегілерінен сусындап, Абайдың әнін айтып, өлеңдерін оқыды.

ҚОҒАМДЫҚ ҚОР ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаты Салтанат Женалаева бастаған Amanat партиясы қалалық филиалы әйелдер қанатының өкілдері «Өнерпаз ұрпақ» қоғамдық қорының мүшелерімен кездесті.

«Әйелдер қанаты әйелдердің қоғамдағы ұстанымдарын нығайтуға және олардың бастамаларын қолдауға бағытталған түрлі іс-шараларды тұрақты түрде өткізеді. Біз Amanat партиясының бастауыш партия ұйымдарының әйел-төрағаларымен байланыс орнаттық. Бұл олардың сұраныстары мен қажеттіліктеріне жедел ден

қоюға мүмкіндік береді. Біз әйелдердің өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін жаңа мүмкіндіктер жасауға тырысамыз» дейді Салтанат Женалаева.

«Өнерпаз ұрпақ» қоғамдық қорының басшысы және негізін қалаушы – Зиуар Жұманова. Соңғы айларда қор жұмысы аясында білім беру орталығы ашылды. Онда тұр-

лі бағыттар бойынша, атап айтқанда, тігін шеберлігі, аспаздық, актерлік өнер, вокал және шахмат бойынша курстар ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл курстар қатысушылардың біліктілігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың әртүрлі салаларда жұмысқа орналасудың жаңа перспективаларын ашады.



«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» БАСТАЛДЫ

Астана қаласы Есіл ауданы әкімдігінде «Мектепке жол» республикалық акциясы басталды.

Іс-шараға Есіл ауданының әкімі Дәрменияр Қыдырбекұлы мен «Полимерстрой-Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры Бауыржан Қожабеков қатысып, сөз сөйлеп, алдағы оқу жылының басталуымен құттықтап, балаларды озат оқуға шақырып, оқушылардың қадамына сәттілік тіледі.

Акция барысында халықтың әлеуметтік осал тобына жататын отбасы балаларына меценат ұйым «Полимерстрой-Қазақстан» компаниясының атынан оқу-құралмен жабдықталған 100 портфель сыйға тартылды.

– Ауданымызда «Мектеп-

ке жол» акциясы аясында 2018 жылдан бері 3000-нан астам оқушы меценаттар атынан мектеп формалары және құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілді. Жалпы, мұндай іс-шаралардың өтуі ата-аналардың мойнындағы ауыртпалықты аз да болса жеңілдетеді деп ойлаймыз. Оқушылардың мектепке баруына өз септігін тигізіп, көмек қолын созып жатқан азаматтарға алғысымызды білдіреміз. Бұл да болса халқымыздың береке-бірлігін, ел азаматтарының халқына жанашыр екендігін білдіретін іс-шараның бірі деп бағалауға болады, – дейді

Астана қаласы Есіл ауданы әкімі аппаратының әлеуметтік сала бөлімінің басшысы Назгул Ахметова.

Ал қайырымдылық акциясына оқушыларын алып келген №45 орта мектептің педагогы Мәдина Әбілқасымова көмек көрсетіп, балалардың оқуға баруына септігін тигізіп жатқан азаматтарға дән риза екенін жеткізді.

Атап айтар болсақ, бұл жолғы қайырымдылық амалына аталған демеуші компания 3 миллионға жуық қаражат бөлген. Тағы бір айта кетерлігі, акция барысында демеуші азаматтарға Есіл ауданы әкімінің атынан «Алғыс хаттар» табысталды.





АСТАНА – САНКТ-ПЕТЕРБУРГ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған елорда мәслихатының делегациясы Санкт-Петербург қаласына ресми сапармен барды.

2008 жылы Астана мен Санкт-Петербург бауырлас қалаларға айналды. Ерлан Каналимовтың айтуынша, ірі қалалар арасындағы байланыстарды дамыту өңіраралық деңгейдегі ынтымақтастықты кеңейтуге септесіп, инфрақұрылымды дамыту ісінде тәжірибе алмасуға, бірлескен жобалар құруға және екі елдің іскерлік байланыстарын дамытуға мүмкіндік береді.

Астана мәслихатының делегациясы Мария сарайында Санкт-Петербург Заң шығарушы жиналысының төрағасы Александр Бельский бастаған әріптестерімен екіжақты кездесу өткізді. Ерлан Каналимов елорда мәслихатының құрылымы, оның мақсаттары мен міндеттерімен таныстырды. Екі жыл бұрын елорда мәслихатының VII шақырылым депутаты Ерлан Каналимовтың жұмысымен танысқанын еске салды.

Санкт-Петербург сапарының қорытындысында Астана қаласының мәслихаты мен Санкт-Петербург қаласының заң шығарушы жиналысы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Биылғы мамыр айында Санкт-Петербург Заң

шығарушы жиналысының делегациясы Астанада болды. Меморандум туралы келісім сол кезде жасалған.

Құжат экономика, мәдениет, туризм, сауда, энергетика, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, жоғары және орта арнаулы білім беруді дамыту, мәдени іс-шараларды бірлесіп өткізу салаларындағы ынтымақтастықты көздейді. Меморандумнан бөлек, ал-

дағы 5 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленеді. Оған орындау мерзімдерімен ынтымақтастық жөніндегі нақты қадамдар кіреді.

Астана қаласы мәслихатының делегациясы сапар барысында Санкт-Петербургтегі Жамбыл тұйық көшесіндегі Жамбыл Жабаев және Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып,

дақты қазақ қызының аты берілген №140 мектептегі мемориалдық мұражайына барды. Ескерткіштерге гүл қою рәсіміне Қазақстанның Санкт-Петербургтегі бас консулы Дмитрий Михно, Қазақстаннан жоғары әскери академияларының тыңдаушылары, диаспора өкілдері, қазақстандық студенттер қатысты.



Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

КӘРІЗ МӘСЕЛЕСІНДЕ ҚОЗҒАЛЫС БАР

Өткен аптада Астана қаласы мәслихатының депутаты Мәдина Әжікенова өзінің №4 сайлау округіндегі «Отан 1» және «Отан 2» тұрғын үй кешендерінің тұрғындарымен кездесті.

Кездесуге Аманат партиясы Астана қалалық филиалының Алматы ауданы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Мұхтар Еркетаев, осы партияның Алматы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Гүлмира Хасанова, Астана қаласы Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының бас маманы Қасымхан Абайұлы, Алматы ауданы әкімдігінің тіршілікті қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ерлан Сәрсекеев және құрылыс компаниясының жауапты мамандары қатысты.

Кездесу барысында тұрғындар кәріз жүйесінің дұрыс жұмыс істемей жатқанын айтып, шағымданды. Атап айтқанда, «Отан 1» тұрғын үй кешенінің кәріз жүйесі дұрыс жұмыс істемегендіктен, үйді су басып жатыр. Подъездер мен паркингтер де судан зардап шегуде. Құдықтар толып, су жиі ажыратылады. «Астана Су арнасы» бұл нысанды өз балансына қабылдамаған.

Ал «Отан 2» тұрғын үй кешеніндегі паркингті су басып, мердігер компания тұрғын үйдің акт құжаттарын, техникалық паспорттарын тұрғындарға бермей жатыр. Кездесу барысында бұл мәселелер жан-жақты талқыланып, шешілу жолдары



қарастырылды. Жауапты мамандардың айтуынша, кәріз жүйесінің жұмысын жақсарту үшін жоба бойынша диаметрі – 250 мм, арақашықтығы 130 метрлік құбыр салу қажет.

Осы аптада бұл мәселе қайта қаралды. «Мәселе оң шешімін тауып жатыр. Әрине, бұл – күрделі және ауқымды жұмыс. Бұған біршама қаражат пен

уақыт керек. Мердігерлер қаржы жоқ деген сылтаумен жауапкершіліктен бас тартып жатыр. Сол себептен құзыретіне кірмесе де, бар жұмыс Алматы ауданы әкімдігінің мойнына артылып тұр. Ең бастысы, тиісті жауапты органдар бірлесуімен тұрғындар мәселесін шешіп, жайлы жағдай жасау» дейді Мәдина Әжікенова.

14 ЖЫЛ БОЙЫ ДЕПУТАТ

Мирас Шекенов 2007-2021 жылдары аралығында Астана қаласы мәслихатының IV-VI шақырылымдарының депутаты болды. V шақырылымда қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясын басқарса, VI шақырылымда бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға төрағалық етті. Биыл Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл толып отырса, Мирас Ерғалиұлы депутат ретінде бақандай 14 жыл бойы елорданың дамуына белсенді атсалысты.

Мирас Шекенов кейінгі жылдары бой көтерген елорданың «Жағалау» шағын ауданы кіретін №11 сайлау округінен мәслихат депутаттығына сайланған еді. Осы шағын ауданның инженерлік инфрақұрылымының реттелуіне, атап айтқанда, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың орталық жылу жүйесіне қосылуына, жолдардың салынуына үлес қосты.

Соның ішінде №71 мектеп-лицей аумағы, I.Омаров көшесі толығымен абаттандырылып, орамшылқ көшелер, тұрғын үй кешендері аумағы асфальтталды, №78 мектеп-гимназияға, сол төңіректегі №53 балабақшаға апаратын жолдарға асфальт төселді. «Құлагер» тұрғын үй кешені мен басқа да көппәтерлі үйлер аулаларында балалар және спорт алаңдары салынды. Бір атап өтерлігі, Астана қаласы әкімдігінің «Ескі, апатты үйлерді сүру» бағдарламасына кірген қаланың орталығындағы кейбір үйлердің тұрғындарына «Жағалау» тұрғын үй кешенінен баспана берілді.

Мирас Ерғалиұлының сайлау округіне «Үркер» тұрғын алабы да кірді. Ол депутат ретінде осы елдімекен маңайында жасыл белдеу мен веложолдың салынуына атсалысты. Тұрғындардың өтініші көбінесе коммуналдық шаруашылық мәселелеріне, инженерлік-техникалық инфрақұрылымға барып тірелетін болғандықтан, осы мәселелердің шешілуімен айналысты. Бұл – абаттандыру жайы, ПИК жұмысы, үлескерлердің жағдайы, т.б. болып кете беретін.

Шыңғыс Айтматов көшесіндегі жол кіші айналма тас жолының құрамына кіретін болғандықтан, өте маңызды автожол. Мирас Шекенов осы жолдың құрылысын қадағалады. Қорғалжын тас жолы бойындағы көппәтерлі үйлердің тұрғындары қоныс тойынан кейінгі алғашқы жылдары жылу үшін ғана 60-70 мың теңге төлейтін. Депутаттың тедеуімен бұл үйлер орталық жылу жүйесіне қосылды.

Мирас Ерғалиұлы депутат кезінде қаланың шет аймақтарына ерекше көңіл бөлді. Сол кезде елорда орталығы мен шет аймақтарды дамыту тепе-тең дәрежеде жүргізілуі керек деп жиі айтатын. «2020 жылға дейінгі перспективасымен Астана қаласының шет аймақтарын ортамерзімді кезеңде дамыту» тұжырымдамасының іске асуын бақылауда ұстады. Аталмыш тұжырымдамада 20 тұрғын алап қамтылып, 232 шақырым жол, 900 шақырым инженерлік желілер салынып, шет аймақтар абаттандырылуы тиіс болатын.

Сол уақытта айтқан мына сөзі есімізде: «шет аймақтардағы абаттандыру мен тіршілікті қамтамасыз ету мәселелерімен қатар әлеуметтік, қоғамдық-іскерлік



инфрақұрылымға көңіл бөлген абзал. Кейбір аймақтарды олар мүлде жоқ. Ал мұндай инфрақұрылым қала экономикасы дамуының негізін құрайды. Шет аймақтарды даму үшін инвестиция құйылу керек».

Депутат кезінде «Жасыл технологиялардың» енгізілуін қолдады. «Жасыл технологиялар» – бірқатар саланы дамытудың маңызды құралы. Бұл технологиялар тікелей қоршаған ортаның жайлылығы мен экономикалық қауіпсіздікке әсерін тигізеді. Құрылыс секторы, энергиялық кешендер, көлік және қоқысты басқару салалары инновациясыз бірте-бірте тоқырауға ұшырайды» деген еді бірде ол.

Астана қаласы мәслихаты VI шақырылымының депутаттары қабылдаған қала үшін маңызды шешімдердің арасында 18 жасқа толмаған ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналары және заңды өкілдерінің автобустарда тегін жүру болды. Бұдан бұрын мұндай төртінші 7 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне жүретін еді. Бұл мәселе Мирас Шекенов басқарған қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия сараптауынан өткен соң оң шешілді.

Мирас Ерғалиұлы бюджетті жоспарлағанда оның бастапқы кезеңіне қоғамды да тарту керек деген пікірде болды. «Бұл жағдайда әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелі болады. Себебі бәрі қоғам үшін жасалып, халықтың жағдайына әсерін тигізеді. Бюджетті жасағанда ашықтықты қамтамасыз етсек, мемлекеттік органдар мен халық арасы жақындайды және бюджет қаржысы қала халқының өзекті мәселелеріне бағытталады» дейтін.

2010-2015 жылдары Қалалық жылжымайтын мүлік кәсіпорнының директоры қызметін атқарды. «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесіне де жетекшілік етті. «Астана – менің туған қалам. Жас астананың тұрғындары мен зиялы қауымын тәрбиелеу маңызды. Сол үшін бірқатар іс-шаралар кешені іске асырылды. Мәдениет және спорт нысандары көптеп салынып, түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізіліп жатыр. Жалпы Астана әлемдік қоғамдастықта өз дәрежесін күн санап көтеріп келеді» дейді Мирас Шекенов.

№94 (4682) 08/08/2024 Бейсенбі

ЖАҢА СУБҰРҚАҚ ПАЙДА БОЛДЫ

Елордадағы тарихи көшелерді қайта жаңарту бойынша ауқымды жоба аясында Біржан сал көшесін абаттандыру жұмыстары аяқталды. Жұмыстар 9 мың шаршы метрден астам аумақты қамтыды.

«Жастар» театрының алдына Дельфин түрінде жасалған жаңа субұрқақ кешені орнатылды. Бұл заманауи құрылым көшенің көрікті аумағына айналып, қала тұрғындары мен қонақтарының назарын аударады.

Сонымен қатар көше бойында шағын архитектуралық формалар, үстел ойындары, ойын өнері нысандары, әткеншектер мен шезлонгтар пайда болды. Бұл элементтер демалуға және көңіл көтеруге ыңғайлы әрі тартымды кеңістік құрады.

Көшенің жаюу жүргіншілер жолының тас төсемі жаңартылып, классикалық үлгідегі жоғары сапалы шойын шамдар орнатылды. Бұл шамдар елорданың ауа райына қорықпайды және жарықпен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ аумақта Берлин, Лондон және Мәскеу сияқты астаналарда қолданылатын қаланы абаттандырудың әлемдік стандарттарына сай орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылған. Сонымен қатар, кедергісіз орта құру басты назарда.

Одан бөлек, көгалдандыруға ерекше назар аударылды: барлық жасыл желектер сақталып, қосымша 200-ден



астам жаңа ағаштар, соның ішінде қарағайлар мен шағандар, көпжылдық бұталар отырғызылды. Өсімдіктерді күту, дұрыс өсуін қамтамасыз ету үшін жергілікті суару жүйесі жүргізілді.

Жалпы, бас қалада 50-ден астам субұрқақ бар. Олардың дені Есіл және Нұра аудандарында орналасқан.

Достық көшесінде орын тепкен биші фонтандардың маңы қала тұрғындары мен қонақтарының жазғы кештерде серуендейтін сүйікті мекеніне айналды десек, қателеспейміз. Сондай-ақ Астаналық цирк, Министрліктер үйі, «Арай» саябағы, Есіл өзені маңындағы субұрқақтар да көңілді көтеріп,

жанды сергітеді.

Осы екі аудандағы субұрқақтардың дені – декоративтік жарықтандырылу құралдарымен қамтамасыз етіліп, компьютер арқылы басқарылады. Мұнда барлығы 27 субұрқақ кешені жұмыс істейді, оған 48 субұрқақ кіреді.

Бүгінгі таңда Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының қарамағында барлығы 3 субұрқақ нысаны бар: Республика даңғылы, 34 (Жастар сарайы) – 2 бірлік.

Республика даңғылы, 6 (Есіл СУ) – 1 бірлік. Ал Сарыарқа ауданында «Жастар театры», «Айналы шар», «Атырау», «Сирень», «Ақжайық», «Қазақ драма театры», «Өмір ағашы»

және т.б. барлығы 12 субұрқақ жұмыс істейді.

Алматы ауданы әкімдігінің балансындағы 9 фонтанның ең үлкені – Президент саябағындағы субұрқақ. Су көлемі 17045 текше метрге тең фонтан 2007 жылы салынған. Мұнда 88 электрсорғы, 243 прожектор қойылған. Ауқымы жағынан «Қазақ елі» алаңындағы субұрқақ кешені де бұдан кем түспейді. Аталған орында 2070 текше метр су бар. Қуат деңгейі 605 киловаттқа жетеді. Кешен 118 электрсорғы және 808 прожектормен жабдықталған.

Биыл Астанада барлығы 170 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Оның көп бөлігі қазірдің өзінде аяқталды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЗАМАН ІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде қоғамның тұрақтылығына, қауіпсіздігіне және дамуына кедергі келтіретін қауіпті індеттің бірі. Оның кез келген көрінісі қоғамның барлық саласына кері әсерін тигізіп қана қоймай, мемлекеттің беделіне нұқсан келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықты тек парақорлық ұғымымен ғана шектеуге болмайды, өйткені бұл осы құбылыстың бір қыры ғана. Қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлық кеңірек ұғымды қамтиды, ол заңға және жалпы қоғамға зиян келтіретін заңсыз материалдық және құқықтық артықшылықтарды алуды білдіреді. Егер бұл дерт мемлекеттік билік пен басқару органдарына енетін болса, мұндай жағдайларда әкімшілік ресурстардың заңсыз пайдаланылуы кеңінен тарап, түрлі

қылмыстық әрекеттерге әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан біз күнделікті жұмысымызда Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға және оларды мінсіз орындауға тиіспіз. Оған қоса, басқа да мемлекеттік қызметкерлердің бұл талаптарды бұзбауын талап етуіміз керек. Бұл біздің ұйымның және жалпы қоғамның тұтастығын, ашықтығын және бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін басты шарт болып табылады.

Бүгінгі күні Алматы ауданының аппараты өз қызметі аясында осы келеңсіз құбылыспен күресу үшін түрлі шаралар мен бастамаларды қолға алуда.

Аудан аппаратының негізгі міндеттерінің бірі – ашықтық пен жариялылық үшін жағдай жасау. Осы мақсатқа жету үшін жүйелі түрде тексерулер жүргізіліп, қаржылық іс-шараларға талдау жасалып, әлеуметтік желілер арқылы азаматтарды ақпараттандырудың тиімді жүйелері енгізілуде.

Әкімдік сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен бір-

лесіп күресу үшін қоғаммен ынтымақтастықты дамытуды қолға алды. Ақпаратты арттыру және қоғамға деген адалдық пен жауапкершілікті тәрбиелеу мақсатында аппарат қызметкерлеріне семинарлар мен тренингтер өткізілуде.

Аудан әкімі аппараты жұмысының маңызды элементі – азаматтардың өтініштерін қарауға жәрдемдесу. Ағымдағы жылы аудан әкімі ретінде жеке қабылдауымда 300-ге жуық азамат болып, 500-ден астам сұрақ талқыланды. Жеке қабылдауымда болған және әлеуметтік желілер арқылы әкімдікке жүгінген азаматтардың мәселелерін барынша жедел шешуге тырысамыз.

Сонымен қатар, ауданымызда тұрғындардың жергілікті бюджет қаражатын бөлуде қаржыны басқару және бақылауға қатысуына бағытталған «Халық қатысатын бюджет» іске асырылып келеді. Бүгінгі күні осы жобаның аясында жоспарланған 49 аула алаңдарының 17-сі жаңартылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Бұл шаралардың барлығы ауданымызда тиімді жүйе құру және оны барлық азаматтар үшін қауіпсіз және ашық етуге бағытталған. Олар сондай-ақ мемлекет беделін нығайтуға және халық арасында оған деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

Мақсат САМАТҰЛЫ,
Алматы
ауданының әкімі

Нұра ауданында тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін барынша жағдай жасалуда.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛДІ

Аудан аумағындағы көпқабатты үйлердің айналасына скверлер, мектептер, балабақшалар, спорт кешендері және спорт мектептері салына бастады. Мысалы, Ш.Айтматов және Сығанақ көшелерінің қиылысындағы 12 қабаттық бизнес орталықтың орнына қоғамдық кеңістік пайда болды. Бұл орын бүгінде мыңдаған астаналықтардың серуендейтін алаңына айналды.

«Хан Шатыр» СОО жанындағы екі үлкен бос жер абаттандырылып, күзде осы майға жүздеген ағаштар, бұталар мен көпжылдық жасыл желектер

отырғызу көзделуде.

Сонымен қатар, магистральдық көшелердің бойындағы пандустар мен тротуарлардан түсетін жерлерді жақсарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қозғалысы шектеулі азаматтардың бизнес орталықтың тобымен бірлесе отырып, тым жоғары және ыңғайсыз учаскелерді анықтап, ерекше жандардың жүріп-тұруына барынша қолайлы жағдайлар жасалуда. Қысқасы, аудан аумағы тұрғындардың бастамалары мен ұсыныстары негізінде дамып, абаттанып келеді.

АУДАНҒА СӘН БЕРУДЕ

Биыл Байқоңыр ауданы аумағында 16 мың шаршы метр гүлзар, 28 мың шаршы метр гүлді бұталар отырғызылды.

Бүгінгі таңда барлық учаскеде отырғызылған осы гүлді бұталар, біржылдық және көпжылдық гүлдер жайқалып, ауданға сән беруде.

Сонымен қатар, көгалдандыру аясындағы жасыл желектерді суару, санитарлық кесу секілді күнделікті жұмыстар тұрақты жалғасуда.



ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚ БОЛАЙЫҚ

Елімізде өрт қауіпті кезеңі жалғасуда. Жыл сайын республикамыздың табиғи ресурстары үлкен қауіп-қатерге душар болады. Әсіресе, жаз мезгілінде орманды дала өрттері қауіп артады.

Бұл ретте көбінесе адамның өзі кінәлі болатыны белгілі. Олар құрғақ шөптерді, егістіктердегі сабаңдарды рұқсатсыз жағу, бау-бақша учаскелерін тазалау салдарынан қоқыс пен шөпті өртеуіміз деп шарпыған жалынға ие бола алмай жатады. Сондай-ақ халық күннің аптап ыстығында жаппай табиғат аясына шыға бастады. Демалыс кезінде олардың барлығы бірдей өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамайды. Соның нәтижесінде оқыс оқиғалар орын алуға.

Осы кезеңдегі өрттердің көпшілігі азаматтардың отқа абайсыз қарауынан және балалардың еркелігінен болады. Балаларға дұрыс бақылаудың болмауы және үлкендердің өздеріне немқұрайлы қарауы – бұл үлкен қиындықтарға әкелетін факторлар. Құрғақ шөп арқылы тез тараған өрт әртүрлі ғимараттарға, көліктерге, саяжайлар мен бақша үйлеріне таралып, орасан зор материалдық шығын келтіріп, адамдардың өміріне қауіп төндіреді. Сонымен қатар, өрт еліміздің ұлттық байлығы – бірегей ормандарға орасан зор қауіп төндіреді.

Оларды сақтау, сондай-ақ адамдардың өміріне қауіп төндірмеу үшін бірқатар қарапайым ережелерді қатаң сақтау қажет. Мәселен, тұрғын үйлер

мен көгалдандыру алаңдарына іргелес аумақты құрғақ шөп пен қоқыстан алдын ала тазарту керек. Тұрғын үйлер аумағына, сондай-ақ орман маңына қоқыс тастауға жол бермеген жөн. Тұрғын үйлердің жанында, саяжайларда және ормандарда қоқыс жағуға болмайды.

Өрт қауіп бар кезеңде орманға баруды шектеп, от жақпаңыз және ашық от қолданбаңыз, тұтанған темекі тұқылын тастамаңыз. Балалар ойындарын отпен қиястыруға болмайды.

Өрт орын алса, оны бастапқы кезеңде сумен немесе дымқыл дастарқанмен, көрпемен немесе кез келген басқа тығыз синтетикалық емес материалмен жабу арқылы сөндіруге болады, мүмкіндігінше тиісті сыныптағы өрт сөндіргішті қолданыңыз. Бірақ жалын тарап кеткенде, мүмкіндігінше тезірек 101 нөміріне қоңырау шалып, қауіпті аймақтан қысқа және қауіпсіз жолмен кету керек.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД
Алматы ауданы Төтенше
жағдайлар басқармасының инженері

Шапағат
ӘБДІР

«Дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауы бойынша еліміз туризм саласындағы іскерлік органы дамыту деңгейі тұрғысынан 119 елдің ішінде 70-орында тұр. Бұл мақтанатын көрсеткіш емес. Демек, бұл салада бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасалмаған. Сол себепті туристер нөпірі артқанына қарамастан, курорттық аймақтардағы орын саны өспек тұрмақ, керісінше, азайып барады. Алакөл демалыс аймағының Жетісу облысы жағы мен Алматы тау кластері көш соңында келеді. Алакөлдегі қонақүйлер, отелдер мен туристік базалардың саны 24-ке, ал Алматыда 16-ға қысқарған. Соның салдарынан бюджет тұрақты салық түсімінен, ал өңірлер жұмыс орындарынан қағылып отыр» деген Президент елдегі туризмнің баяу дамып жатқанын сынға алған болатын.

ЕЛДІҢ КӨҢІЛІ ТОЛА МА?

Шын мәнінде елдегі туризм бағыты бойынша істеліп жатқан жұмыстарға елдің де көңілі тола қоймайды. Олардың бірі жүретін жолдың сапасыздығын сынға алса, енді бірі саяхат орындарында интернет сапасының төмендігін айтып шағымданады. Осыған орай біз бас қаламыздағы ішкі туризм қалай дамуда, ал оның дамуына қандай жағдай жасалып жатыр деген сұрақты Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының туризмді дамыту бөлімінің басшысы Өмірзақ Тілеужанға қойған болатынбыз. Ол бүгінгі таңда Астана қаласында туристердің қарқынды өсуі байқалатынын айтады.

– 2023 жылдың қорытындысы бойынша туристер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,3 пайызға артып, 1 324 047 адамды құрады. Оның ішінде шетелдік туристер – 287 126 адам болса, ішкі туристер – 1 036 921 адамды құрап отыр. Сонымен қатар елге келушілердің үздік 5 елі ретінде Ресей, Түркия, Қытай, Германия және АҚШ сияқты мемлекеттердің азаматтары тіркелгенін айта кеткіміз келеді. Соның нәтижесінде әуе жолаушылар ағыны 25 пайызға артты. Сондықтан да қазіргі таңда туристік инфрақұрылымды дамыту, туристердің елордада жайлы болуын арттыру шеңберінде «Red Bus» экскурсиялық автобустары жүруде. Олар аудиогидтермен жабдықталған, онда экскурсия туристерге 8 тілде (қазақ, орыс, ағылшын, қытай, неміс, түрік, француз, испан) ұсынылады. Бұдан бөлек, қалада «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайында және «Бәйтерек» монументінде туристік ақпараттық дүңгіршектер бар. Ал «Astana City Pass» туристік картасы жобасы қаланың көрікті жерлеріне барудың қолжетімділігін арттыруда. Аталған турист картасы 11 мәдениет нысандарына 70 пайызға дейін жеңілдікпен баруға мүмкіндік береді. Карта құны: 24 сағатқа – 9 990 теңге, 72 сағатқа – 13 990 теңге. Сонымен қатар қалада ізі.TRAVEL халықаралық платформасы да өз жұмысын жүйелі жасап тұр. Әрі туристерге арналған қызметті жақсарту мақсатында visitastana.kz ақпараттық жүйесі құралған. Бұл сервисің арқасында туристер әуе билеттерін сатып алу, тұру орындарын брондау мүмкіндігіне ие бола алады. Сондай-ақ, 2GIS компаниясымен интеграциялаудың арқасында қаламызға келушілер көрікті жерлер тізімін қарап біле алады. Міне мұның бәрі де туризмді дамыту бағытында істеліп жатқан жұмыстардың қатарына кіреді, – дейді Ө.Тілеужан.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту жөніндегі кеңесте туризм саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру қажет екенін айтты.



ІШКІ ТУРИЗМ КҮШТІ ТУРИЗМ БОЛМАЙ ТҰР

Ал қазіргі таңда ішкі туризмді дамыту мақсатында елорданың туроператорлары ұйымдастыратын 79 түрлі туристік маршруттар іске қосылған. Маршруттарға Ақмола облысына (Бурабай курорты, Зеренді, Бұйратау ұлттық паркі, Селета каньоны, Родина ауылы және т.б.), Қарағанды облысына (Қарқаралы, Қорғалжын қорығы, Балқаш), Павлодар облысына (Баянауыл), сондай-ақ тарихи турлар (АЛЖИР лагері, Карлаг лагері, Мәшһүр Жүсіп Көпеев кесенесі, Қабанбай бағыр кесенесі) және атқа міну турлары кіреді. Туристік бағыттардың орындарына туристер туроператордан (автобус) ұйымдастырылған трансфер арқылы немесе өз бетімен (автокөлік, пойыз) жете алады.

АСТАНА МАҢЫНДАҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАНДАЙ?

Сонымен қатар Астана маңайында жазда бассейндерде, сауналарда және таза ауада демалуға, ал қыста әртүрлі іс-шараларды өткізуге (қарда

жүретін көлік айдау, шаңғы трассасы, мұз айдындары) мүмкіндік беретін көптеген демалыс орталықтары бар.

Алайда гид қызметкері Қымбат Тастанбек Астанаға келген шетелдік туристердің көбінде қазақтың тұрмыс-тіршілігін көрсететін орындарда демалып, саяхаттағысы келетінін айтады.

– Мен осы Астана қаласында ұзақ жылдар бойы гид болып жұмыс істеп келе жатырмын. Сонда бір байқағаным, көбінде елордамызға келген шетелдік қонақтар ұлттық асханаларымыздың қымбат екенін айтып жатады. Екінші жағынан бізге қазақтың ұлттық үлгіде жасалған қонақүйлері бар ма деп сұрайды. Міне сол кезде біз қай жерді көрсететінімізді білмей жатамыз. Менің ойымша енді қаланың маңайынан қазақы нақышта жасалған, іші де қазақ киіз үйлерінің үлгісіндегі қонақүйлер болса тіпті де керемет болар еді. Әрі тағамдары мен жатын орны да қолжетімді болса, онда біздің қаламызға туристер тіпті де көп ағылып келер еді, – дейді ол.

Ал, Астана тұрғындары шетелдіктерді қоя тұрып, өзіміз Алматының Шарын шатқалы сияқты көрікті жерлерімізді көруге бару үшін мың сан әуреге түсеміз. Пойызбен бару үшін ертерек алып қоймасаң, билет табылмайды, билет табылса, қымбатқа түседі. Оның үстіне бізде Астанадан Алматыға апаратын турлар жоқ. Алматыға жетіп алып, әрі қарай турлар арқылы немесе автокөлікпен жетуге болатынын айтады.

ЖҰРТ НЕГЕ ШЕТЕЛ ҚҰМАР?

– Біз жыл сайын жолдасым екеуіміз еліміздің көрікті жер-



Қазіргі таңда ішкі туризмді дамыту мақсатында елорданың туроператорлары ұйымдастыратын 79 түрлі туристік маршрут іске қосылған

лерін аралауды әдетке айналдырған болатынбыз. Бірде Алакөлге барсақ, енді бірде Көлсай, Шарын шатқалдарына барамыз. Биыл Астанадан Алматыға жетіп алдық та әрі қарай жеңіл көлікпен Шарынға тарттық. Ал туроператорлармен сөйлескеннен, олардың бағасы бір адамға 18 мың теңгеден басталады екен. Оның үстіне Шарынға барғанда күн салқын болып тұрмаса, қапырық ыстық қолқанды қабады. Әрі ондай жағдайда бастап барған гидтер де тездетіңіз деп адамды асықтырады. Сондықтан да жеке көлік жалдап барған тиімдірек болды бізге. Егер қонамыз дейтіндер болса қайтадан Алматыға қайтса болады немесе Шарынның ар жағындағы Шонжы Ұйғыр ауданына барып қонуына болады екен. Алайда менің ойымша Шарын шатқалында туристерге жасалған жағдай мүлдем жоқ деуге болады. Өйткені демалатын, отыратын орын немесе саябақтар жоқ. Шірінкі, Шарын өзенін жағалатып отырып, қонақүйлер салып, өзеннің әрбір жерінен көпірлер салып қойса, қандай керемет болар еді. Қазір Шарынға барған адам табиғи көріністерден өзге ештеңе де көре алмайды, – дейді Гүлназ Орынбасар.

Әрине, ішкі туризм бағытын дамыту үшін бір қаладан екінші қалаға баратын жол да, көлік те ыңғайлы болуы – басты шарт. Қазіргі таңда Шарын сияқты басқа облыстардың көрікті жерлеріне алып баратын Hangout Tour, Astana Travel, Active Tours KZ сияқты бірнеше туроператорлар бар. Алайда біз хабарласқан бір-екеуі Астанадан Алматыға бару қызмет құнының өзін ақтамауына байланысты жұмыстарын тоқтатып, басқа жаққа адамдарды апарып жүргендерін айтты.

Дейтұрғанмен, елдің бәрі демалу үшін міндетті түрде Шарынға бару шарт емес. Демалымыз деген адамдар үшін Астананың маңайында да туристік нысандар жеткілікті. Мысалы соның бірі – Қосшыдағы «Тау Парк» демалыс орталығы. Онда адамдардың емін-еркін демалуына барлық жағдай жасалған. Тағамдарының бағасы да тұрғындардың қалтасына салмақ салмайды.

– Біз тура Нұра өзенінің

бойында орналасқанбыз. Тұрғындар келіп суға түссе де, өзен бойында дастархан жазып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырса да, бәріне жағдай жасалған. Қазан-ошақты өзімен бірге алып келмеген жағдайда бізден жалдап алуға болады. Олардың құны өз қызметіне қарай ыдыс-аяқ 500 теңгеден, қазан-ошақ 8000 мың теңгеге дейін, мангал 6000 теңгеден жалға беріледі. Сондай-ақ бізде ат мініп серуендеуге де болады. Ат мінудің құны – 15 минутқа 3000 теңге. Бір сағаты – 8000 теңге. Сонымен қатар садақ атуға да, ыстық парға түсуге де болады. Бір сөзбен айтқанда келушілердің демалуға арналған барлық қажетін өтеуге әзірміз, – дейді демалыс орнының қызметкері.

Бұдан бөлек Астана маңында Tengovka Ethno, Barn house Astana, BalQaragai, Құлагер, JaiLau Resort қатарлы 40-қа жуық демалыс орындары бар.

ҚЫЗМЕТ САПАСЫ ТӘУІР МЕ?

Дегенмен ішкі туризмнің қарқынды дамымай жатқандығының да бір себебі – келушілердің көңілінен шыға алмау. Өйткені бізде көбінде халық демалыс орындарындағы тамақ пен жатын орындардың қымбаттығына шағымдана, енді бірі берген ақшамызға сай қызмет көрсетпеді деп кейістік таңытып жатады. Мұның бәрі де шын мәнінде туристік нысандардың жіберген олқылықтарынан орын алып жатқан мәселелер деуге болады. Оның үстіне шетелден келген туристер көргісі келіп, арнайы ат басын бұратын Астанада 4 және 5 жұлдызды қонақүйлердің жетіспеу мәселесі де бар. Өйткені туристер тарапынан осындай санаттағы қонақүйлерге сұраныс көп. Жалпы, Астана қаласында 257 қонақүй бар. Оның ішінде бесжұлдызды қонақүйлер саны – 8. Ал төртжұлдызды 11 қонақүй бар. Сондықтан да жыл сайын елімізге келген туристердің санын айтып, ауызды құрғақ шөппен сүрткеннен гөрі, соларға көрсетілген қызметтің сапасы туралы көбірек айтып, мақтанатын кез келді. Сонда ғана туризм тұраламай, тура дамымақ.



№94 (4682) 08/08/2024 Бейсенбі

А мал нешік, тәуелсіздік дәуірінде ғылыми тас-түйін дәстүрлер, бой түзеген мектептер, телегей тәжірибелер, құндылықтар ізім-қайым жоғалды...

Енді не істеу керек? Ол үшін Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сынды ғылым қайраткерлерінің тарихи қызметін, рухын, ісін, білімін, сөзін жаңғырту арқылы ұлттың жоғын түгендеуге, биігін бағындыруға болады.

Қаныш Сәтбаевтың кемеңгерлік болмысын тану үшін академик Ә.Х. Марғұланның пайымдауларындағы мәліметтерді жадымызда жаңғыртып, сөйлеткен абзал. «Жаратушы «Қаныштан ақыл байлығын аямаған», «тұңғыш сырмен, терең оймен, таусылмайтын ақылмен, сұлу сезіммен толтырған», ел-жұртына қадірлілігі, қымбаттығы, сондай «пайғамбардай көрінген» деп жазады. Сонымен қатар Әлекең қарт шопан Жайлаубай Кеңесұлының 1946 жылғы мынадай естелігін келтіреді: «Мен өзім Қанышпен он бес жылдан аса жолдас болып, даланың көп жерін араладым, қай тас вольфрам, қай тас ванадий, қай тас қорғасын, қай тас марганец, жез, қалайы, темір екенін қазір жақсы айыра аламын». Міне, Қ.Сәтбаевтың білгірлігіне нақты куәліктер. Оның білімі алапат. «Граниті бар жердің суы терең, әрі тұщы болады» дейді екен.

Екінші, Ә.Х. Марғұлан Қ.И. Сәтбаевтың ата-тегіне, «аталы жұрт ару ел» екеніне тоқталады. Ол арғыдағы «көмекей әулие» Бұқар жырауды ауызға алып, тоғыз атасын атайды. Әкесі Имантай ақылды, кемеңгер, момын кісі болған. Жібек мінезді, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін, шын мағынасында кемеңгер кісі болатын, Омбыда Шоқанның пәтерінде тұрған, Азия мектебінде (1862-1864) оқыған, араб, парсы, шағатай тілдерін білген, шығыс шайырларын жатқа заулапқан, XVIII-XIX ғасырлардағы ел тарихына жетік, «Имекемен әңгімелесу – университетте лекция тындаумен бірдей болатын» деп, тебіреніп жазады.

Үшінші, бала Қаныш ауыл мектебін өзінде-ақ араб, парсы, шағатай тілдерін оқыған. Семей семинариясында оқыған жылдарында тағалым мектебін өткен, өзі де қыранша сілкініп, ой-зердесін байытқан. Айталық, 1915 жылдың 3 ақпанында География қоғамы театрында қазақша сауық кешін өткізеді. Ұйымдастырушы қайраткер – Нәзипа Құлжанова.

Әр бөлімнің тақырыптары мынадай:

1. Біржан мен Сараның айтысы;
2. Батырлар сайысы;
3. Қазақ әндері;
4. Абай өлеңдерінен декламация.

Студент Қаныш Қобыланды батыр рөлін, Жарылғапберлінің, Мұстафаның «Толай көк», «Баянауыл» әндерін орындайды. Ә.Х. Марғұланның көрсетуінше, бұл кештің суреттерін «Семипалатинский телеграф», «Сибирская жизнь» газеттері жариялаған.

Төртінші, Ә.Х. Марғұлан Қаныш Сәтбаев өскен ортаны да ыспаттайды. Семейдегі оқытушылар семинариясының директоры Әбікей Сәтбаевтың шаңырағында Том технология институтынан Алтай мен Қазақстанға бет түзеген профессорлар мен фольклор үлгілерін жинаушылар М.А. Усов, Г.Н. Потанин, В.В. Сапожников, А.В. Анахин, А.В. Адриановтар бас қосқан, сұхбат құрған. Студент Қаныш олардың әңгімелерінің рухын бойына сіңірген, жетілген. Балауса Қаныш Том технология институтына түсу үшін математика, физика пәндерін қажыр-қайратпен оқығанын Әлекең тәптіштеп айтады.

Томдағы жоғары оқу орнында Күншығыс мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірменің жұмыс істеуіне

ҚАНЫШ ПЛАНЕТАСЫ

Қазақ ғылымының ту ұстаушысы, өзі көреген, өзі ұйымдастырушы, өзі тәлімгер, өзі реформатор, өзі әмбебап ғұлама, Қаныш Сәтбаев Ғылым академиясының негізін қалады. Мемлекеттің көркею тарихында ғылымның орны қандай екенін жарқыратып танытты. Ғылым майданы дегеніміз – парасат пен ақыл-ой майданы екенін терең түсіндірді. Келешегі жарқын ақылына әрекеті үйлес ынталы жас кадрлердің басын қосып, күшін біріктіріп, бір ұлы мақсатқа жұмылдырды, қанаттандырды, жетілдірді. Сөйтіп, артына алтын із, алтын сөз, алтын дәстүр қалдырды.



ұйытқы болады. Мұнда тарих, этнография, халық әдебиеті мәселелері туралы теориялық тәжірибелер ортаға салынады. Өзі де қазақ әдебиеті хақында баяндамалар оқыды. Білім қуған Қанекеннің гитара, скрипка, мандолина сияқты музыкалық аспаптарда ойнағанын және фокстрат, танго, ча-ча, халигала, твист тәрізді билерді мінсіз меңгергенін Әлекең меруерттей тізіп келтіреді. Бірегей тұғаның жастық шағында алапат қайратпен алға ұмтылыс-құлшынысы, мақсат-мұраты осындай.

Алаш қайраткерлерінің көзін көрген, тәлім-тәрбиесіне қаныққан, ұлттың озық рухани игіліктеріне жастайынан үйленген, жас жайнақ Қанышты 1920 жылдарда дала данышпаны, көріпкел Мәшһүр Жүсіп: «Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев – адамның жорғасы. Тірі болса, тірі жүрсе, бақты, талайлы болатын жігіт... Тірі Қаныштың өміріне Құдай береке берсін!» деп, келешектің кемел тұлғасын сәуегейлікпен болжапты.

Тұйғындық, сұңқарлық қасиеттері ерекше, дүниетануы, барлауы, бақылағыштығы өзгеше Қаныш Сәтбаев 1927 жылдың 8 ақпанында: «Мен – қазақпын, жаратылысым да, жаным да қазақы. Ой-түйсігім бойынша да қазақпын. Алдағы өмірімді тек қана туып өскен Қазақстанда өткізбекпін... бұл жолда... рухани күрес жолында өткізгенді жөн көремін. ...Қазақстан қиырында «кезбе» болып, өмір бақи кен іздеуге құштармын...». Мінеки, Ұлы дала патриотының, лидерінің, стратегінің пәлсапалық-ғылыми ұстанымы.

1919-1924 жылдарда ұлт тілінде «Алгебра» оқулығын жазған, Сібір геологтарының мектебінде тәрбиеленген, әйгілі ұстаз М.А. Усовтың майталман шәкірті,

палеонтология, тарихи геология (яғни жер қыртысының түзілісі, заттық құрамы, даму тарихы, қозғалысы, кең байлықтарының жаралуы мен жайғасу тәртібі жайында), петрография дейтін ілімдерді мінсіз байыптаған-ды. Ілім-біліммен мұздай қаруланған жас жаратылыстанушы, «дала дейтін классикалық мектептің» (М.Усовтың тұжырымдамасы) қабілетті өкілі Қ.Сәтбаев «Мирусин өңіріндегі Маин кенінен мыс барлау және оны геологиялық зерттеу» дейтін күрделі тақырыпта диплом жұмысын қорғады (1926 жыл, 14 мамыр).

Дереву Семей губерниялық «Қазақ тілі» газеті: «...Қазақстанның өнеркәсіп тарихында Қаныш жолдас өндірістің басшылық ету қызметіне кірісіп отырған тұңғыш маманымыз... Сәтбайұлы Қаныш азаматтың қаз тұрып келе жатқан Қазақстан өндірісін қаз тұру жолында аянбай қызмет етуіне сеніміміз күшті, әмсе сол істе жолы болғай!» дейтін лебізін жалпақ елге жайыпты.

Оқымысты-геолог Қ.И. Сәтбаев – рудалық кендер геологиясы мен геохимиясын, Қазақстанның тұтастай минералдық ресурстарын барынша бажайлап анықтап, саралаған металлогения мектебінің негіздеушісі. Сондай-ақ формациялық металлогендік талдаудың кешенді тәсілдерін енгізді. Ғылыми-методологиялық ұстанымдарының кестесін былайша жіктеп көрсеттік: 1) тектоникалық шарттар; 2) стратиграфиялық шарттар; 3) литологиялық-петрографиялық шарттар; 4) құрылымдық белгі-сипаттар. Жер қойнауының білгірі жинақталған геологиялық деректерді, болжам карталарының қисындарын сарптап-саралауда көріпкелдік танытады.

Алатаудай жемісті кесек істерімен замана қайраткер-

лерін мойындатқан Қ.И. Сәтбаев хақында академик А.А. Яншин: «Сәтбаев талантының сан қырлылығы таң қалдырады. Әдебиет, өнер, философия, экономика, геология, астрономия, астрофизика, ботаника мәселелері – міне, осылардың барлығы оның мұрат тұтқан құлшыныстарының бір бөлігі ғана еді» деп тебіренеді. Әрі жалғастырсақ, агробиология, вирусология, микробиология, зоология, энергетика және т.с.с.

Академик Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми-шығармашылық еңбегінің бел омыртқасы – Ұлытау өңірі. Жер бетінің бедері, тау жыныстары мен топырағының сарабал сыншысының мына бір ой-тұжырымдарын миға жүгіртейікші: «Ұлытау кенересі көбінесе қатты тау жыныстарынан жасалған. Кей жерінде бұларға түйіршікті тақта тас жыныстары да қосылып отырады. Қазақ даласындағы ең көне тау – Ұлытау деп айтуға болады. Жердің тарихын зерттейтін ғылым жер жүзінің жасалу тарихын төменгі төрт дәуірге бөледі: агностозой, палеозой, мезозой, кайнозой.

Бұлардың ең ересті – агностозой дәуірі. Бұл дәуірде жер жүзі тегіс дерлік топан суының астында болған. Дүниеде еш тірі жәндік болмаған мезгіл. Палеозой дәуірінде жердің сыртының біразы су астынан шыққан. Жәндіктерден бұл дәуірдің басында – су ішіндегі құрт, балдыр ғана жасалған, аяғында – балық табы жасалған. Мезозой дәуірі – жәндіктердің ең алғаш теңізден құрғаққа шыға бастаған мезгілі. Кайнозой дәуірінде адам баласы жаралған.

СӘТБАЕВ КЕНЕРЕСІН, ЯҒНИ АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ, ҰШҚЫР ҚИЯЛЫНЫҢ, ПӘЛСАПАЛЫҚ ИНТУИЦИЯСЫНЫҢ, ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ БІЛІМІНІҢ, ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҒЫНЫҢ АУҚЫМЫН, ШЕК-ШЕКАРАСЫН, ШАРЫҚТАУ ДЕҢГЕЙІН АЙҚЫНДАУ – ЖҮЗЖЫЛДЫҚТАРДЫҢ ЕНШІСІНДЕ...

Ұлытау кенересі бұл бөліктің агностозой дәуіріне қосылады. Бұл дәуірде судан шыққан бүкіл жер жүзінде Скандинавия, Шотландия, Сібірдің таулары, Саян тауы мен Ұлытау ғана болған. Біздің Қазақ даласының жартысы тіпті бертін кайнозой дәуірінде ғана су астынан шыққан.

«Ұлытау кенересі» ұғымы нендей мағына беретіндігіне зейін аударалық. Мәселенің мәнісін түп-төркінінен түсіндіруге шебер ойшыл-геолог Ұлытау кенересінің бір жақ шеті Бетпақдалаға дейін, екінші бір шеті Арал теңізіне шейін созылатынын қағидаты бойынша, тау – қара жердің қазығы. «Қаф» сүресінің 7-аятында «барлық биік таулардың түп негізі жердің жоғарғы қыртысынан өтіп, оның көрініп тұрған биіктігінен он-он бес есе үлкен көлемде тереңдеп кетіп, сол арқылы континенттердің тұрақтылығын күшейте түседі».

Сәтбаев кенересін, яғни ақыл-ойының, ұшқыр қиялының, пәлсапалық интуициясының, энциклопедиялық білімінің, жаратылыстану және гуманитарлығының ауқымын, шек-шекарасын, шарықтау деңгейін айқындау – жүзжылдықтардың еншісінде...

Ол – сөз зергері, өнертанушы, театртанушы, қазақ тарихи жырларының білімпазы, көсемсөзші, этимология мен топонимикаға жүйрік. 1926 жылы А.В. Затаевичке Мәскеу шаһарында домбырамен халықтың жиырма бес әнін нәшіне келістіре орындап, мәтіндерін орыс тіліне тамылжыта тәржімалап, әндердің шығу тарихына қатысты бағалы деректерді, мәліметтерді жұтынтып жеткізген.

Оның суреткерлік, шеберлік қабілеті «Обаған» дейтін новелласында («Қазақ тілі» газеті, 1923 жыл, 13 желтоқсан) жарқын түрде көрініс тапқан. Бұлшық ақсақал қазақтың ежелгі ғашықтық әні «Обағанның» тарихын есілте-көсілте баяндайды. Ол – он төртіннен туған айдай Ақық арудың қасіреті, жүрек түкпіріндегі сыры...

1927 жылы Мәскеуде «Ер Едіге» жинағына жазылған «Сөз басы». Мұнда «Ер Едіге» жырының жазылу, жариялану тарихынан бастап, қазақ елінің территориясын («Бір шеті Алтай мен Тянь-Шань, екінші шеті Балқан тауларының Шығыс бөктері аралығындағы ұлан байтақ жерде түрлі түрік қауымдарының ерікті, бұланды көшпелі өмірімен ерсілі-қарсылы жөңкіліп жүретін мезгілі»), Дешті Қыпшақ, Алтын

нымы, пайымы ерте қалыптасқан Қ.И. Сәтбаев ескі сөздердің «бейнешілдік, кеңдік, суретшілік жақтарынан алғанда», «әлі күнге ше жаңа ақындардың көбіне үлгі» деп ескертеді. Тағы да: «Ескі сөздердің ішінде қазақ жұртының өткен кездегі тұрмысы, салт-санасы, әдеттері көп суреттеліп отырады. Бұл тарих жағынан қымбат нәрселер». Міне, толық түсіндіру, кешенді талдау дегеніміз осы.

Академик Қ.Сәтбаевтың өзінің артында үш ұлы игілік қалдырды: 1) Жезқазған, 2) Ғылым академиясы, 3) Геологиялық ғылымдар институты. (Профессор В.С. Коптев – Дворников).

Қ.И. Сәтбаевтың ұлы еңбегін, астрономия ілімін ілгерілетуге қосқан қызметін бағалап, ғаламшарлар жүйесінің жаңа астероидына Халықаралық астрофизика орталығы (АҚШ-тың Смитсон институты) жұлдыздар картасында 2402 санды «Сәтбаев ғаламшарын» тағайындайды. Бұл орайда ақын Хамит Ерғалиев «Ғарыштағы Қаныш» дейтін жырında: «Құдайлығын тіріде құндайды Алып, Бұл дүниеде қалыпты кім байланып. Данышпанның талай тасқа айналса, Біздің ағай ұшып жүр Күнді айналып!..».

Академик Қ.И. Сәтбаевтың ой-толғауларында, жазбаларында Хан Кенеге құрметі орасан. Кенесары Иман батырдың үздік жауынгерлік өнері мен тәжірибесін жоғары бағалап, «Иман келді – аман келді» дейді екен. «Сөз түйінін Иман шешеді екен» дейтін лебіздерін арқау еткен («Аманкелді батыр балалары», «Социалистік Қазақстан», 1944 жыл, 18 маусым).

Ел келешегін кемеңгерлікпен ойлаған, болжаған, бағдарлаған Қ.И. Сәтбаев ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында Қазақстанның көмір, мұнай, газ, су, топырақ, шөлейт даланы игеру мен күн, жел қуаттары сияқты энергетиканың ресурстарын үнемдеуді, өрістетуді ойластырған.

Ғұламалық зердесі, ой-парасат дүниесі, ғылыми ойлау жүйесі кемел кемеңгер 1947 жылдың наурызында КСРО Жоғарғы Советінің делегациясының құрамында Англияға барғанда, Премьер-министр Уинстон Черчилль тандауын: «Қазақтардың барлығы осындай ұзын бойлы ма?» деп сұрапты. Сонда тұтқиылдан Қаныш Сәтбаев: «Менің халқым менен де биік» деп, жауап қайтарыпты.

Асылы, энциклопедист-оқымысты, өрен ұйымдастырушы, ұлт, мемлекет қайраткері Қаныш Сәтбаев – Ұлы даланың жиһанкез кеншісі, ұлы көшбасшылық идеялардың кеншісі, халық перзенті.

Сәтбаев құбылысы – ғұламалық тереңдік пен планеталық ойлаудың шынайы үйлесімі. Мұның нақты айғағы, айнасы – Сәтбаев планетасы. Астрофизиктердің анықтауынша, бұл – Марс пен Юпитердің аралығында қозғалып, күнді 3 жыл, 4 ай мерзімінде айналып шығады. Яки күннен санағанда 4-ші және 5-ші планетаның арасында. Диаметрі – 11 шақырым. Сыртқы сұлбасы – ойлы-қырлы, бұрышты, түсі – қарасұр. Орбиталық элементтері есептелген. Бұл планетаны КСРО ҒА Қырым астрофизикалық обсерваториясының аға ғылыми қызметкері Н.Черных тауып, сонан соң АҚШ-тың Кембридж қаласындағы Смитсон институтында орналасқан Халықаралық планета орталығы мақұлдаған. «Көкке бір кісі ұшады, етегіне мың кісі сияды» дегендей, бекзат байтақ жұртымыз да, Ұлы даламыз да Сәтбаевтың қаһармандық құдіретті еңбегінің арқасында ғарышта ұшып жүргендей.

СЕРІК НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор

РИМДЕГІ ӘЛЕМДІК ҚҰРЫЛТАЙ

– Сіз биыл әлем философтарының кезекті Конгресіне қатысады деп естіп жатырмыз. Бұл қандай басқосу? Әңгіменің тиігін осы сұраумен ағытсақ.

– Олимпиада ойындары сияқты дүниежүзінің философтары да 5 жылда бір бас қосып, жиналыс өткізіп, «Дүние қайда бара жатыр? Біз не істеуіміз керек?» деген түйіндер төңірегінде үлкен талқы жүргізеді. Жиналысқа қатысу үшін философтар алдын ала өз ұсыныстарын, яғни баяндамаларын жібереді. Сарапшылар сол материалдардың ішінен ойы терең, идеясы мықты деген баяндаманы таңдап алып, жиналыс мінберінде оқытады. Сондай баяндаманы оқу мәртебесі биыл маған да бұйырды. Өткен жолы мұндай алқалы басқосу Қытайдың Бейжің (Пекин) қаласында өткен, ал биылғы жиын Италияның астанасы Римде өтеді. Сол жиналысқа аттанып бара жатырмын.

– Қазақстанда да философия тар бас қосып, үнемі пікір алысып тұрасыздар ма?

– Жоқ. Өйткені оған, ең бастысы, қоғамда сұраныс жоқ. Ал мүдделі ұйымдарда ынта жоқ.

– Сізді жұрт қоғам қайраткері ретінде таниды. Кезінде «қазақстандық ұлт» мәселесіне батыл тойтарыс бергендердің көш басында тұрдыңыз. Сіз өзіңізді қоғам қайраткері деп бағалайсыз ба, әлде сізді философ ретінде танығанымыз дұрыс па?

– Қайраткерлік ұғымының астарында қайрат көрсету, әрекет жасау деген ұғым қамтылып жатса, ал философия – терең ойдың жемісі. Философия, оның ішінде логика – менің кезінде МГУ-де алған мамандығым. Ал қайраткерлік өмір жолындағы соқтықпалы, соқпалы жолда қалыптасады, яғни қоғам және заман соған мәжбүрлеп, сол жолға қарай итермелеуі мүмкін. Мен де қайраткер бола қоймайын деп талпынғам жоқ, қоғам мені сол жолға қарай итермеледі. Ұлттың мүддесі, Отанның болашағы, тәуелсіздіктің тағдыры деген мәселе ұлттың, халқының сүйетін әрбір азаматты бейжай қалдырмайды десек, біз де сол жолда еңбек етуге тырыстық. Менің қайраткерлік қадамым да Қазақстан тәуелсіздік алардың алдында, яғни ел-еңбек мезгілде басталды. Желтоқсан оқиғасына қатысып, кейін Мұхтар Шаханов құрған комиссияда жұмыс тобын басқардым. Біздің сол кездегі ұсынысымызды Жоғарғы Кеңес (Парламент) мақұлдап, 1990 жылы 24 қыркүйекте арнаулы қаулы шығарды. Соның арқасында талай адамдар құғын-сүргіннен босатылды, талай азамат ақталды. Тәуелсіздіктің төбесі көрінді, ел болып еңсе көтерер мезгілде де біраз жұмыс атқардық. Қазақстан Парламенттік Республика болып тұрған кездегі тұңғыш кәсіби Парламенттің депутаты, әрі саны жағынан ең ірі депутаттық топты басқардым. Одан кейін «қазақстандық ұлтты» бекітуге негізделген доктрина жобасының қабылдануына қатаң қарсылық білдіріп, қабылдапай тастадық. Оның орнына «Қазақтан – сан ғасырлық қазақ мемлекеттілігінің жалғасы әрі мұрагері» екенін дәлелдейтін жаңа доктрина жазып, қабылдадық. Мені бұл жолға түсірген намыс, ұстаным және ұлтжандылық деген үш қасиет болды. Осының бәрін мен қайраткер болайын, саясаткер болайын деп істегем жоқ, қарапайым «мемлекетшіл азамат» ретінде, қазақ халқының намысы бар ұлы ретінде

САНА ТӘУЕЛСІЗ БОЛМАЙ, ТІЛ ТӘУЕЛСІЗ БОЛМАЙДЫ

Белгілі қоғам қайраткері, философ Досмұхамет НҰР-АХМЕТ жақында әлем философтарының кезекті форумына қатысу үшін Римге аттанды. Әлемнің мүйізі қарағайдай философтары бас қосатын бұл алқалы жиында қазақстандық ғалым арнайы баяндама жасады. Ол Римге аттанар сәтте бізге сұхбат беріп, кейбір өзекті мәселелер жөнінде ой бөліскен еді.



өз көзқарасымды ашық айтып, сол ұстанымды қорғауға тырыстым. Ал басқа кезде саясаттан шамам жеткенше алыстау жүруге тырысамын.

ҚАЗІРГІ АДАМДАРДЫҢ САНАСЫ БАЙЛАУЛЫ

– Кеңес заманда философия ғылымына ден қойып, өте жоғары деңгейде оқытты. Ал қазір ше? Философия ғылымын тиісті деңгейде оқытып жатырмыз ба? Философия ғылымының қазір тіл ғылымына қарағанда қандай деңгейде тұр?

– Мен Мәскеу университетінің философия факультетінде логика мамандығы бойынша білім алып, аспирантурасын да бітіріп шыққан кезде философияға аса мән берілетін. Қазақстанда да философиялық мектеп болған. Ол «Алматы философия мектебі» деп аталды. Оны Жабайхан Әбділдин ағамыз басқарды. Қазір де оқытылып жатқанымен, бірақ бұрынғыдай терең деңгейде деп айта алмаймын.

Философия болмыс, білім, құндылық, ақыл, зерде және тіл және тағы да басқа өзекті мәселелерді зерттеуге бағытталғандықтан, ол біздің күнделікті өмірімізбен де тікелей қатысты ілім деп айтуға болады. Адам ойланған кезде айналасындағы көп дүниенің жалған екенін түсіне бастайды, өмірдің мәні неде деген сұраққа іштей жауап іздейді. Бірақ ол айналасындағы «пысықайларға» керек емес. Өмірдің шынайы мәнін түсінген адам басқаша ойланады. Мысалы, қазір не көп әлеуметтік желіде ағамыз үйретем, мынаны үйретем деген «ұстаздар» мен «тәуіптер» көбейді. Жұрттың біразы соларға сеніп, солардың саудасын қыздырып жүр. Бұл да – өтпелі кезеңдегі көрініс. Себебі өтпелі кезеңде алдымен адамзаттың әлсіз өкілдері, оның ішінде, кейбір ұлттар да өз бағыт-бағдарынан айырылады. «Жынды тоқты» секілді бір орында айналып, қайда барарын білмей қалады. Міне, осыған мүдделі топтар бар, олардың күндіз-түні тілейтіні де осы. Егер қоғам сондайға бет алмаса, халық солай көр соқырланбаса, олар өздерінің ойлағанына жете алмайды. Сондықтан да қазір философияны «саясаттанумен» (бұрынғы «ғылыми коммунизммен») алмастырғысы келеді. Өйткені философия қоғамның дамуына дұрыс жол сілтейтін болғандықтан, ниеті бұзық адамдарға жаға бермейді.

– Қазіргі қоғамда діни секталардың көбеюі, әртүрлі

ағымдардың жұртты ала тандай бұлдіруі де ұлттық санамыздың, ұлттық философиялық ойлау жүйеміздің азғындап бара жатқанының көрінісі ме сонда?

– Қарапайым тілмен айтқанда, философия – адамдардың, қоғамның ортақ ақыл-ойы. Ұлтымыздың, бізге жеткен, алғашқы философиялық көзқарастарының бірегейі әл-Фараби еңбектерінен көрінсе, одан кейінгі философиялық көзқарас Абай өлеңдерінен айқындалып жатыр. Тау сілемі ұзаққа созылып жатқанымен, оның арасында айрықша көзге түсетін қадау-қадау шыңдары болады, дәл сол сияқты қазақ философиялық ұғымдарының заңға шыңдар – әл-Фараби мен Абай десек қателеспейміз.



Ал «Әділетті Қазақстан» құру үшін әділетті қадамдар жасау керек. Осы жеткілікті. Мысалы, билік басындағылар «Әділетті Қазақстан» құрамын десе, алдымен өздері әділетті оң қадам жасап, өздерінің әділетті екенін көрсетуі керек. Қазір ешкім сөзге сенбейді, іске сенеді.

* * *

Тек мемлекеттік тілді білмейтін қызметкерлерге қарағанда, білетіндерге 20-25 пайыз жалақы артық төленуі керек. Себебі ол мемлекеттік тілде және басқа тілде де қызмет көрсете алады ғой

Ал қазіргі таңда әртүрлі ағымдардың көбеюінің де түрлі себептері бар, бірақ оны ашып айтқаннан да қазір ештеңе өзгере қоймайды. Ең бастысы, қоғам пісіп-жетілуі керек. Қоғам да өзіне қажетті ойды қалыптастырады. Мысалы, қазір әлеуметтік желідегі жұрт өзіне керекті ғана көреді, өзіне пайдалысын көргісі келмейді. Неге? Өйткені «адамдар біздің айтқанымызбен тұрып, айдағанымызбен жүрсін», «өз жан қалауы бойынша емес, біздің бағытымыз бойынша ғана жүріп-тұрсын» деген түйінге мүдделі топтар өте көп. Ондай топтар Қазақстанда да бар. Тағы бір мысал: неге әртүрлі сериалдар жасалып, оны телеарналардан таратып жатыр? Себебі ол сериалдар қарапайым адамдарды жіпсіз байлап, жеке өмір сүруіне мүмкіндік бермеуге итермелейді. Кинодағылар үшін қуанып, солар үшін жұбанып дейді. Ал шын мәнінде, әр адам өзі мен жақындарының өмірін ойлайтын болса, ол бірден нақты әрекетке көшеді және қоғамынан, биліктен көп нәрсені талап ете бастайды. Демек, қазіргі адамдардың назарын бөлетін нәрсе өте көп, ақылды тұрғыдан ойлануға мұршасы жоқ. Олар тек ішіп-жеп, қарын тоқ, киім көк болғанын ғана қалайды. Ойлағысы келмейді – тойлағысы келеді.

АЙҚАЙМЕН ЕМЕС, ӘДІСПЕН ШЕШІЛЕДІ

– Мемлекеттік тіл мәселесі туралы не айтасыз? Сіз кезінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінде де қызмет істедіңіз. Ассамблеяның қазірге дейін мемлекеттік тілде сөйлеміз отырғанын қалай түсінеміз?

– Мемлекеттік тілді дамытуға арнайы қаржы бөліп оқытудың, түк те пайдасы жоқ. Ассамблея сынды ұйымдарды құрудың қажеті бар ма? Кейбір топтар бір істі істеу үшін емес, істеттірмеу үшін де құрылады. Бізде көп орындар аты затына сай емес, бәрі «бөрібасар» болғанымен, оның қасқыр алуы екіталай. Мемлекеттік тіл – тек қазак ұлтының тілі ғана емес, ол мемлекеттің, осы елде тұрып жатқан барлық этностардың, азаматтардың тілі. Сондықтан мемлекет мемлекеттік тілде сөйлейтін азаматтарды жұмысқа тартуы керек. Мысалы, Францияда француз тілін білмесен, мемлекеттік мекемеде қызмет істемек түгілі, көше сыпыруға да жарамай қалуы мүмкін. Мемлекеттік тілді білмесен, қалай мемлекетке қызмет істейсің? Бұл қара-

пайым қағида ғой. Бұл – бір.

Екіншіден, қазір жұмыс істеп жүрген мемлекеттік тілді білмейтін қызметкерлерді жұмыстан шығарудың қажеттілігі жоқ. Тек мемлекеттік тілді білмейтін қызметкерлерге қарағанда, білетіндерге 20-25 пайыз жалақы артық төленуі керек. Себебі ол мемлекеттік тілде және басқа тілде де қызмет көрсете алады ғой. Артықшылық бағалануы керек. Осыдан соң бәрі мемлекеттік тілді өздігінен үйренбесе маған кел. Мысалы, жастар жоғарылап өсу үшін өздері ақы төлеп, ағылшын тілін үйреніп алып жатыр ғой, оның қасында көбірек нан тауып жеу үшін неге мемлекеттік тілді үйренбесек? Қысқасы, мұқтаждық жасамай, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтере алмаймыз. Оны ашық істеуге әбден болады. Мемлекет солай істеуге құқылы әрі міндетті.

Барлық тірі жан иесі өз тілінде «сөйлейді», мысалы, қасқыр қасқырдың тілінде, қораз қораздың тілінде «сөйлеп», өз тілдерімен белгі береді. Әркімнің өз тілі, өз үні бар. Ал неге Қазақстан мемлекетінің өз тілі болмауы керек, болса да, неге қазақ тілі мылқаудың тілінің күйін кешуі керек? Өзінің емес, басқаның тілімен сөйлейтін жануарды көрдің бе? «Аю менен күшті екен» деп қасқыр аюша өкіре ме? Ендеше неге Қазақстан мемлекеттік тілде сөйлемейді?! Миың тәуелсіз болмай, тілің де тәуелсіз болмайды.

– Біздің тіл саясатымызға басқа елдер ықпал етіп отырған жоқ па?

– Ықпал еткісі келмейтін мемлекет жоқ. Ешбір мемлекет өз мүддесін қайырып қойып, көршім көш ілгері кетсін деп көзін жұмып отырмайды. Ешбір ел бізді текке жарылқамайды. Мемлекеттер арасында мәңгілік достық жоқ, мәңгілік мүдде ғана бар. Сондықтан біз өз тағдырымызды өзіміз ойлауымыз керек, басқаның қабағына қарап, ұзын сызса жүріп, қысқа сызса тұрсақ, ол біздің тәуелсіздік деген ұғымымызға сыймайды. Әлемде тіл саясатын барлық ел өз мүддесіне сай жасап отыр, өз елінде екінші бір елдің тілімен сөйлеп жүрген мүмкін біз ғана шығармыз...

БІЗ ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАНБЫЗ

– Біздің елде қанша ұлт бар? Бізде ұлттық идеология бар ма?

– Қазақстанда бір ғана ұлт бар. Ол мемлекет құрған тұлғалық ұлт – қазақ ұлты.

Ал қалғандардың бәрі – этнос өкілдері. Себебі бір унитарлық мемлекет – бір ғана (біртұтас) ұлттан тұрады.

Ұлттық идея керек екені туралы ешкім айтып жатқан жоқ. Ұлттық идеология туралы мемлекеттік деңгейдегі жиналысқа бірінші және соңғы рет қатыстым. Ол жиналыс 1993 жылы Алматы қаласында өткен еді. Жиналыста ұлттық идеологияны қалай жасау кеңінен талқыланды. Бірақ жиналысты басқарып отырған адам идеологияның керек емес екенін тез түсінді де, бұл мәселені жылы жауып қойды. «Ұлттық идеология туралы жиналысқа бірінші және соңғы рет қатыстым» деп отырғанымның себебі осы.

Ұлттық идеология айқаймен, ұранмен жасалмайды. Ол әрбір азаматтың өз ішінде қалыптасып, қайнап шығуы керек. Мысалы, азаматтардың «мен саясаткер емеспін, бірақ баламды ұлтжанды, өз елін сүйетін, еліне, ұлтына қызмет ететін азамат етіп тәрбиелеп шығамын» деген ойы болса, ол да ұлттық идеология! Өйткені ұлттық идеология деген философиялық тұрғыдан алғанда, бір құжатқа сыймайтын ұғым.

– «Әділетті Қазақстан» құру үшін ең бастысы қай түйінге баса назар аударуымыз керек?

– Біздің таңдауымыз – әділеттілік. Себебі әділеттілік – идея бола алатын ұғым. Мысалы, біздің досымыз, Түркия Президенті Р.Ердоган 20 жылдан астам өз ұлтын осы идеяның төңірегіне топтастырып, алдыңғы қатарлы елдерінің деңгейіне көтерді емес пе?!

Ал «Әділетті Қазақстан» құру үшін әділетті қадамдар жасау керек. Осы жеткілікті. Мысалы, билік басындағылар «Әділетті Қазақстан» құрамын десе, алдымен өздері әділетті оң қадам жасап, өздерінің әділетті екенін көрсетуі керек. Қазір ешкім сөзге сенбейді, іске сенеді. Ісіңмен әділдігіңді дәлелде. Сонда ғана олардың төңірегіне әділеттілікті жақтайтын жұрт өзі-ақ топтасады. Кішкентай балалардың өзі де, әке-шешелерінің сөздеріне қарап емес, істеріне қарап тәрбиеленеді емес пе?! Қазақстанда бәрі бар, тек әділдік пен адалдық болса, біз ең қуатты елге айналамыз. Сондықтан «Әділетті Қазақстан құру» идеясы өте құптарлық, қоғамның қажетін дөп басқан бастама деп ойлаймын. Оның алғашқы қадамдары жасалып та жатыр.

Өмірде, қазіргі «күйбең тіршілікке мүдделі» заңдар, адам мен қоғам пайда болғалы келе жатқан әділеттіліктің, бір-біріне қарсы кеп қалатын шақтары да болады. Мұндай кезде, әділеттілік жеңіп шығуы керек. Бұл – қоғамға сенім орнататын қарапайым қағида. Яғни біздің елде де, заң жобалары белгілі бір топтардың мүддесіне байланысты емес, қоғамдағы әділеттілікті орнату мен оны дамыту мақсатында жасалуы керек.

– Қазіргі жастарға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

– Қазақта «мен айттым, сен істе» деген бір жаман ауру бар. Ойың дұрыс болса, өзің істеп көрсет. Ел неге сеніп ойынмен өмір сүруі керек?! Сондықтан мен жастар былай істесін деп ақыл айтқым келмейді. Тек қана Абайды түсініп оқысын деген жалғыз ғана өтініш айта аламын. Өйткені Абай шығармалары философиялық ойларға толы. Сол үшін қазір Абайдың философиялық ойларын, кейбір қазақ жастарына осылай тезірек жете ме деп, орыс тіліне аударып жүрмін.

Сұхбаттасқан
Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

ДҮЙСЕНБІ

12 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шебер».
6:30 «Інжу-маржан».
7:10 «Ауылдастар».
7:45 «Алтын қақпа».



5:00 КИНО. «МАҒАН НАЗАР АУДАР»
6:30 МЕТАХИТ. «ИГРЫ ШПИОНОВ»
8:00 «COVER SHOW»

ASTANA TV

06:00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06:45 «Жұрттың балалары»
07:10 «Маша и медведь» Мультсериал



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



7:05 «ӘНИМ СЕН ЕДІҢ»
8:05 «ТОҒЖАН», отандық телехикая.
10:15 «НОМОРИНА», шоу-программа



06:00 Әзіл студия
07:00 Ризамын
07:30 TikTok show
08:00 Time Vine



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
7:00 «Алданған арман-2» Телехикая.

HTK

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

13 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шебер».
6:30 АҚПАРАТ
6:30 «Ауылдастар».



5:00 «KIM MЫҚТЫ?»
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 4»
8:00 «COVER SHOW»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.45 «Жұрттың балалары»
07.10 «Маша и медведь» Мультсериал



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ТОҒЖАН», отандық телехикая.
9:45 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (қайталау)



06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 TikTok show
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
7:00 «Алданған арман-2» Телехикая.

HTK

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СӘРСЕНБІ

14 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ШЕБЕР».
6:30 АҚПАРАТ
6:30 «АУЫЛДАСТАР».



5:00 «KIM MЫҚТЫ?»
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 4»

ASTANA TV

06.00 «ҚОРҒАУШЫ ХАНЫМ»
06.45 «ЖҰРТТЫҢ БАЛАЛАРЫ»
07.10 «МАША И МЕДВЕДЬ»
09.20 «АЛПАРСЛАН»



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
7:30 «ТОҒЖАН»
9:45 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ҚАЙТАЛУ)



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 ТIKТОК SHOW
08:30 «МАША И МЕДВЕДЬ»



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
7:00 «Алданған арман-2» Телехикая.

23:50 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» Телехикая.
0:50 «Зың-зың Күлпәш»
1:20 «Няня тап» Телехикая.

HTK

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

15 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер».
7:00 «Ауылдастар».
7:30 «Алтын қақпа».



5:00 «Кім мықты?»
6:00 Телехикая. «Пәленшеевтер 4»
6:00 «Cover show»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.45 «Жұрттың балалары»
07.10 «Маша и медведь» Мультсериал

СУРЕТ СЫРЫ

ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Петербуркте өмірге келіп, Қазақстанда шыңдалған жазушы Николай Анов (Иванов) 1968 жылы ақпан айында Целиноград қаласына Горькийлік оқу сапарымен келіп, жергілікті журналистермен жүздесті.

Облыстық газет, радио және телевизия қызметкерлеріне өзінің жұмысшы корреспондент ретінде «Правда» газетінің жұмысына қалай қатысқанын, 1929 жылы Горький негізін қалаған «Біздің жетістіктеріміз» атты әдеби журналға автор болғанын әңгімелейді. Сөйтіп М.Горькиймен тұңғыш сырттай танысуын, кейін жүзбе-жүз кездесіп, қабылдауында болғанын, қамқор-

лығына бөленгенін сыр қылып шертті. 1923 жылы күзде Семейге «Степная правда» газетіне шақырылған жазушысында жазушы Мұхтар Әуезовпен, ақын Иса Байзақовпен танысады. Кейін М.Әуезовтің «Абай жолы» романының 2-кітабын орыс тіліне аударуға қатысқан. Иса Байзақовпен талай жыл достас болған жазушы «Ән қанаты» атты кітабында ақын-

ның таңғажайып образын жасады (1966 жылы «Қазақфильм» студиясы роман желісімен «Ән қанатында» толық метражды көркем фильм түсірді). 1925 жылы қазақ республикасының астанасы Қызылордаға «Советская степь» газетінің хатшысы ретінде барған Николай Анов, актер, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін салушылардың бірі Серке

Қожамқұловпен Қазақстанның алғашқы кәсіби театрын құруға өз үлесін қосады. Горький мұның «Азия» атты романын оқып, пікір білдіріп, ақыл-кеңес айтқан екен. Сондай-ақ Николай Ановтан Қазақстан туралы, оның өнерпаздары жайлы көп сұрап, біліпті. Әнші Әміре мен ақын Иса туралы қызығатындап, олар жөнінде жазу қажет деп талпындырған, «Ән қанаты» романының тууына себеп болған. Қазақстандық жазушының Горький туралы естелік әңгімесі әсерлі болып, кездесу қызықты өтті.



7

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» Бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:55 «ДЕРЕВЕНСКАЯ КОМЕДИЯ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:25 «KÖREMIZ» бағдарламасы
15:25 «БЕЙКҮНӨ» телехикаясы
16:25 «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РОЗЫСК 3»
0:25 «ТРЕЙДЕР»
1:55 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы
2:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:50 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы

КТК

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ТОҒЖАН», отандық телехикая.
9:45 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (қайталау)
10:20 «БЫЛО ДЕЛО»
12:40 «КАТИНА ЛЮБОВЬ»
17:10 «Я ЗАБЕРУ ТВОЮ СЕМЬЮ»
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:35 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама.
1:55 «Я ЗАБЕРУ ТВОЮ СЕМЬЮ»
4:05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
4:50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
5:15 «ТОҒЖАН», отандық телехикая

31

06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 TikTok show
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»
09:30 «Әмірші әйел» телехикаясы
11:00 «Қызыл шербет» телехикаясы
12:00 «Гудбай, мой бай!»
14:00 «Али, рули!» (қайталау)
16:00 «Такси 3» (қайталау)
18:00 «Такси 4»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 Телесериял «Клюквенный чербет»
22:00 КИНО. Брюс Уиллис в боевике
00:20 «Әмірші әйел» телехикаясы
01:30 «31 әзіл»
02:40 Time Vine
03:00 TikTok show
03:20 What's up?
04:00 Әзіл студия
04:20 1001 Әзіл
04:30 BALA BATTLE
05:00 What's up?
05:20 Ризамын

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
7:00 «Алданған арман-2» Телехикая.
8:00 «Ананди-2». Телехикая.
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
11:10 «Эртугрул» Телесериял. (Түркия)
13:00 «АНАТОМИЯ СЕРДЦА» Телесериял.
15:30 «Последствия» Телесериял.
17:00 «ГАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ».
18:00 «АНАНДИ-2». Телехикая.
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 «ЭРТУГРУЛ» Телесериял. (Түркия)
22:50 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» Телехикая.
0:50 «Зың-зың Күлпәш»
1:20 «Няня тап» Телехикая.
2:20 «Жеңіп көр». Бағдарлама
3:10 «Келесі кім?» Бағдарлама
4:00 «Тағдыр ойыны». Телехикая.
4:50 «Келесі кім?» Бағдарлама

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
09.00 «ЛЮК-ПУТЕШЕСТВЕННИК ВО ВРЕМЕНИ» (мультсериал)
09.50 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
10.40 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 4»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
17.10 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
17.45 «INSTA TV» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 4»
19.00 ШОУ «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ТЕРМИНАТОР: ГЕНЕЗИС»
22.50 «БОЛЬШОЙ ПЛОХОЙ.ВОЛК.» (детективный триллер, Андреас Рюландер)

01.30 Телехикая «СҮЙКІТІМ» (каз.)
03.05 «ОПМАЙ,ОПМАЙ» (каз.)
03.45 «INSTA TV» (каз.)
04.10 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

ЖҰМА
16 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шебер».
7:00 «Ауылдастар».
7:30 «Алтын қақпа».
8:15 «Сақшы арыстан». Мультхикая.
9:00 «ТАҢШОЛПАН».
10:10 «Зейнеп». Телехикая.
12:10 «Тату-тәтті». Реалити шоу
15:30 «БІРЕГЕЙ».
16:20 «Сақшы арыстан». Мультхикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «Замандастар». Телехикая.
18:00 «ЗЕЙНЕП». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «Жат бауыр». Телехикая.
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:10 АҚПАРАТ
23:45 «Көңіл толқыны»
0:25 «Бірегей».
1:15 «Сана».
2:20 «Алтын қақпа».
3:05 «Шебер».
3:30 «Ауылдастар».

7

5:00 «Кім мықты?»
6:00 Телехикая. «Паленсөөвтер 4»
8:00 «Cover show»
10:00 «Ойталқы»
10:30 Мультсериал. «Мегамато»
11:15 Телехикая. «Фатмағұл»
14:00 Телехикая. «Келінжан»
15:00 Телехикая. «Тойхана»
16:00 Телесериял. «Наживка для ангела»
19:00 Новости
19:20 Жаңалықтар
19:40 «Әсем әндер»
20:00 Телехикая. «Фатмағұл»
22:45 Телехикая. «Келінжан»
23:30 Мегахит. «Охранник»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.45 «Жұрттың балалары»
07.10 «Маша и медведь» Мультсериал
09.20 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.20 «Весна моего сердца» телесериал
11.30 «Зың-Зың Күлпәш» телехикаясы
13.10 «Жұрттың балалары»
13.45 «Канжалдар әміршісі» телехикаясы
14.45 «Бесплатный адвокат» телесериал
15.20 «Скифосовский б» телесериал
16.30 «Хорошие руки» телесериал
17.40 «Весна моего сердца» телесериал
18.50 «Нюхач 3» телесериал
20.00 «AstanaTimes»
20.30 «Саме 2» телесериал
21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
21.55 «Адақсан сезім» үнді телехикаясы
23.25 «Канжалдар әміршісі» телехикаясы
00.15 «Нюхач 3» телесериал
01.15 «Хорошие руки» телесериал

7

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:55 «ДЕРЕВЕНСКАЯ КОМЕДИЯ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:25 «KÖREMIZ» бағдарламасы
15:25 «БЕЙКҮНӨ» телехикаясы
16:25 «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:30 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22:00 «БИТВЫ БОМЬИХ КОРОВОК»
2:40 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «KÖREMIZ» бағдарламасы

КТК

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ТОҒЖАН», отандық телехикая.
9:45 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (қайталау)
10:20 «БЫЛО ДЕЛО»
12:40 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама
17:10 «Я ЗАБЕРУ ТВОЮ СЕМЬЮ»
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ»
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:35 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама.
1:55 «Я ЗАБЕРУ ТВОЮ СЕМЬЮ»

4:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ» (қайталау)
4:50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
5:15 «ТОҒЖАН», отандық телехикая

31

06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 TikTok show
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»
09:20 «Әмірші әйел» телехикаясы
10:50 «Қызыл шербет» телехикаясы
11:50 «Аташка на хайпе»
13:40 «Налетчики» (қайталау)
15:50 «Такси 4» (қайталау)
17:50 КИНО. Франк Гастамбид в боевике «Такси 5»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 Телесериял «Клюквенный чербет»
22:00 «28 недель спустя»
00:10 «Әмірші әйел» телехикаясы (қайталау)
01:30 «31 әзіл»
02:40 Time Vine
03:00 TikTok show
03:20 What's up?
04:00 Әзіл студия
04:20 1001 Әзіл
04:30 BALA BATTLE
05:00 What's up?
05:20 Ризамын

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
7:00 «Алданған арман-2» Телехикая.
8:00 «Ананди-2». Телехикая.
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
11:10 «Эртугрул» Телесериял. (Түркия)
13:00 «АНАТОМИЯ СЕРДЦА» Телесериял.
15:30 «Последствия» Телесериял.
17:00 «ГАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ».
18:00 «АНАНДИ-2». Телехикая.
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 «ЭРТУГРУЛ» Телесериял. (Түркия)
22:50 Late night show with Динара Сатжан
0:00 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» Телехикая.
1:00 «Зың-зың Күлпәш»
1:30 «Няня тап» Телехикая.
3:00 «Жеңіп көр». Бағдарлама
3:50 «Тағдыр ойыны». Телехикая.
4:50 «Келесі кім?» Бағдарлама

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Екі езу» (каз.)
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
09.00 «ЛЮК-ПУТЕШЕСТВЕННИК ВО ВРЕМЕНИ» (мультсериал)
09.50 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
10.40 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 4»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
17.10 Телехикая «Ауылдастар»
17.45 «INSTA TV» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 4»
19.00 «ВАКЦИНА ОТ КОРРУПЦИИ»
20.40 «СВИДЕТЕЛИ ДОЛЖНЫ ЗАМОЛЧАТЬ»
22.20 «ПРОПАВШАЯ БЕЗ ВЕСТИ»
01.10 «ВТОРАЯ ПОЛОВИНКА» (фильм ужасов, Майка Монро, Джейк Леси)
02.30 Телехикая «СҮЙКІТІМ» (каз.закл.)
03.25 «INSTA TV» (каз.)
04.05 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

СЕНБІ
17 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шебер».
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «Ауылдастар».
7:35 «ШАҢЫРАҚ».
8:15 «Сақшы арыстан». Мультхикая.
8:55 «Көңіл толқыны»
10:00 «Зейнеп». Телехикая.
12:00 «Теледәрігер»
13:00 ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ КЕШІ
15:15 «Күйеу бала». Телехикая.
18:00 «ЗЕЙНЕП». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ЖАРҒЫН ЖҮЗДЕСУ»
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:10 «16 қыз». Көркем фильм
0:45 АҚПАРАТ
1:15 «Теледәрігер»
2:15 «Шебер».
2:40 «Ауылдастар». 6-маусым
3:15 «Шаңырақ».

7

5:00 «МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР»
6:30 «ЖЕТИ ҚАЗЫНА»
8:00 «JAN SYRYM» ҚҰРМАШ МАХАНОВ
10:00 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ 4»
11:20 МУЛЬТСЕРИАЛ. «МЕГАМАТО»
12:00 МЕГАХИТ. «ОХРАННИК»
14:00 КИНО. «БАЛАШКА»
16:00 «КЕЛІНЖАН»
19:00 «БЕС ЖҮЛДЫЗ»
21:00 КИНО. «БАЛАШКА»
23:00 КОМЕДИЯ. «ВОЙНА НЕВЕСТ»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.45 «Жұрттың балалары»
07.10 «Маша и медведь» Мультсериал
09.20 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.20 «Болмыс»
11.20 «Lemon» Күлпәштің хикаялары
13.40 «Нысан әзіл театр»
16.10 «Тойхана» Худ-фильм
18.00 «Саме» телесериал
20.00 «Болмыс»
20:25 «КОГДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ ПРОШЛОЕ»
0:30 «КУПЕ НОМЕР 6»
2:15 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы

7

6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
8:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:00 «ПОЕХАЛИ!»
10:00 «СЧАСТЛИВЫЙ БИЛЕТ»
14:25 «О ЧЕМ ОНА МОЛЧИТ»
18:40 «ПОЛНОЕ ПРЕВРАЩЕНИЕ»
20:25 «КОГДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ ПРОШЛОЕ»
0:30 «КУПЕ НОМЕР 6»
2:15 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы

КТК

7:05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
8:00 «ҚЫЙН ШАҚ», отандық телехикая
9:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (қайталау)
9:35 «БЫЛО ДЕЛО»
11:55 «КАТИНА ЛЮБОВЬ»
16:00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ»
18:00 «ШАНШАР»
21:35 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама.
2:35 «ПЛЕННИКИ»
3:55 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ»
5:35 «ҚЫЙН ШАҚ», отандық телехикая

31

06:00 Әзіл студия
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
08:30 Ризамын
09:00 Time Vine
09:30 «Готовим с Адель»
10:00 «Шымкент шоу»
12:00 «Моя большая казахская семья»
14:10 «Смурфики 2»
16:30 «Путешествия Гулливера»
18:30 «Человек-паук-3. Враг в отражении»
21:30 «Крушение»
23:50 «Басқа вариант жоқ»
01:40 «Bldin show»
03:00 «31 әзіл»
03:40 Time Vine
04:10 TikTok show
04:40 Әзіл студия
05:00 1001 Әзіл
05:10 BALA BATTLE
05:30 What's up?

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
7:00 Жұмысшы шаңырақта
7:30 «SUPER BOL»
8:00 «Ананди-2». Телехикая.
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
Телесериял.
11:10 «Эртугрул» Телесериял. (Түркия)
13:00 «МАМА МАША». Телесериял. 1-4 серия (Ресей, 2019)
17:00 «ГАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ».
Телехикая.
18:00 «АНАНДИ-2». Телехикая.
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
Телесериял.
21:00 «ЭРТУГРУЛ» Телесериял. (Түркия)
22:50 Әзіл әлемі
0:40 «Бастық боламын» Телехикая.
3:00 Қызықты Weekend
4:00 «Тағдыр ойыны». Телехикая. (Түркия, 2021 ж.)
4:50 «Келесі кім?» Бағдарлама

НТК

07.00 «Екі езу» (каз.)
07.40 «INSTA TV» (каз.)
08.00 Телехикая «Тілек ағашы»
09.30 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.00 «ПРИНЦЕССА- ЛЕБЕДЬ: ПИРАТ ИЛИ ПРИНЦЕССА?»
12.00 «ТЭД – ПУТЕШЕСТВЕННИК И ИЗУМУРДНАЯ СКРИЖАЛЬ»
14.00 «БОЛЬШОЙ КРАСНЫЙ ПЕС КЛИФФОРД»
16.10 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
16.50 «БРОСОК КОБРЫ» (фантастический боевик, Ченинг Татум, Сиена Миллер)
19.10 «РОМЕО ДОЛЖЕН УМЕРЕТЬ» (боевик, Джек Ли, Алия, Делрой Линдо)
21.20 «БЕССМЕРТНЫЙ»
23.10 «ПРОКЛЯТИЕ ПЛАНУЩЕЙ» (фильм ужасов, Линда Корделлини, Раймонд Крус)
01.50 «Қызық Live» (каз.)
02.30 «ТАВОО» (каз.)
04.00 «INSTA TV» (каз.)
04.20– 05.00 «Екі езу» (каз.)

ЖЕКЕСЕНБІ
18 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шебер».
7:30 АҚПАРАТ
8:00 «Ауылдастар».
7:35 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8:20 «Самыдырған әндер-ай»
9:35 «Ақсауыт».
10:00 «Зейнеп». Телехикая.
12:00 «Жарқын жүздесу».
13:45 «Көңіл толқыны»
14:45 «Шекарашылар». Деректі фильм
15:15 «Күйеу бала». Телехикая.
18:00 «ЗЕЙНЕП». Телехикая.
20:00 «Отандастар».
20:50 «АҚОРДА»
21:00 Нурболат Абдуллиннің концерті
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая
23:15 «Ең сулу».
0:50 «Ақорда»
1:00 «Күміс көмей».
1:45 «Дәуір даналары». Деректі фильм
2:30 «Ақсауыт».
2:50 «Шебер».
3:15 «Ауылдастар».

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
7:00 Қызықты Weekend
8:00 «Ананди-2». Телехикая.
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
Телесериял.
11:10 «Эртугрул» Телесериял. (Түркия)
13:00 «СОСЕМ КҮЖИБЕ». Телесериял. 1-4 серия (Ресей, 2019)
17:00 «ГАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ».
Телехикая
18:00 Мультфильм. «Стражи терракоты»
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
Телесериял.
21:00 «ЭРТУГРУЛ» Телесериял. (Түркия)
22:50 Әзіл әлемі
0:00 «Зың-зың Күлпәш»
0:40 «Бастық боламын» Телехикая.
3:00 Қызықты Weekend
4:00 «Тағдыр ойыны». Телехикая. (Түркия, 2021 ж.)
4:50 «Келесі кім?» Бағдарлама

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.45 «Жұрттың балалары»
07.10 «Маша и медведь» Мультсериал
09.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.00 «Болмыс»
11.00 «Шымкент шоу»
15.00 «Бизнесмен» Худ.фильм
17.00 «Рэкетир» Худ.фильм
18.40 «Рэкетир 2» Худ.фильм
21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
21.55 «Адақсан сезім» үнді телехикаясы
23.25 «Привидение» Худ.фильм
01.50 «Jaldarman Nonstop»

7

6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
7:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:00 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10:00 «СЧАСТЛИВЫЙ БИЛЕТ»
14:25 «ПОДЕЛИСЬ СЧАСТЬЕМ СВОИМ»
19:00 «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН»
21:00 «ПИСЬМО НАДЕЖДЫ»
1:05 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ»
2:35 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:20 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы

КТК

7:05 «ШАНШАР» (қайталау)
10:05 «ЮМОРИНА», шоу-программа
12:20 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама (қайталау)
17:00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
20:00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!», музыкалық халықтық-шоу
21:00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»
22:00 «ИНЯЯ РЕАЛЬНОСТЬ»
0:00 «ПЛЕННИКИ», остросюжетный детектив
2:30 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
4:10 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ» (қайталау)

31

06:00 Әзіл студия
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
08:00 Ризамын
08:30 TikTok show
09:00 Time Vine
09:30 «Готовим с Адель» (қайталау)
10:00 «TeleBingo» прямой эфир
10:25 Анимационный фильм «Смурфики 2» (қайталау)
12:45 КИНО. Джек Блэк в фантазии «Путешествия Гулливера» (қайталау)
14:40 КИНО. Тоби Магуайр в фантастическом боевике «Человек-паук-3. Враг в отражении» (қайталау) 2:08 9
17:50 КИНО. Брюс Уиллис, Моника Беллуччи в боевике «Слезы солнца»
20:30 КИНО. Вин Дизель в фантастическом боевике «Бладшот»
22:50 КИНО. Джексон Айзенберг в боевике «Добро пожаловать в Зомбилэнд»
00:50 КИНО. Кино. Роберт Карлайл в фантастической драме «28 недель спустя» (қайталау)
02:10 «31 әзіл»
02:40 Time Vine
03:00 TikTok show
03:30 1001 Әзіл
03:40 BALA BATTLE
04:00 What's up?
04:30 Әзіл студия
05:00 Ризамын

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
7:00 Қызықты Weekend
8:00 «Ананди-2». Телехикая.
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
Телесериял.
11:10 «Эртугрул» Телесериял. (Түркия)
13:00 «СОСЕМ КҮЖИБЕ». Телесериял. 1-4 серия (Ресей, 2019)
17:00 «ГАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ».
Телехикая
18:00 «АНАНДИ-2». Телехикая.
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
Телесериял.
21:00 «ЭРТУГРУЛ» Телесериял. (Түркия)
22:50 Әзіл әлемі
0:00 «Зың-зың Күлпәш»
0:40 «Бастық боламын» Телехикая.
3:00 Қызықты Weekend
4:00 «Тағдыр ойыны». Телехикая. (Түркия, 2021 ж.)
4:50 «Келесі кім?» Бағдарлама

НТК

07.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.40 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
08.30 Телехикая «Тілек ағашы» (каз. 2 серия)
09.30 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
09.50 «ПРИНЦЕССА- ЛЕБЕДЬ: КОРОЛЕВСКИЕ ПРИКЛЮЧЕНИЯ» (анимационный фильм)
11.50 «БОЛЬШОЙ КРАСНЫЙ ПЕС КЛИФФОРД»
13.50 «БРОСОК КОБРЫ»
16.50 «РОМЕО ДОЛЖЕН УМЕРЕТЬ» (боевик, Джек Ли, Алия, Делрой Линдо)
19.20 «ДРАКУЛА» (фантастический боевик, Люк Эванс, Сара Годон, Доминик Купер)
21.00 «ИГРА ТЕНЕИ» (боевик, Лиам Нисон, Айдан Кунин)
23.00 «ОСАДА РОБИН ГУДА» (приключенческий боевик, Кинану Гонсалес, Пол Аллисия)
02.00 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
03.50 «ОПМАЙ,ОПМАЙ» (каз.)
04.00 «INSTA TV» (каз.)
04.20 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

БАСПАСӨЗ-2024

ГАЗЕТКЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІҚ ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индекс	65617	Баспалық жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға	430
	3 айға	1 335
	6 айға	2 670

Индекс	15617	Баспалық жазылу бағасы
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға	500
	3 айға	1500
	6 айға	3000

Индекс	65617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға	639,36
	3 айға	1 918,08
	6 айға	

№94 (4682) 08/08/2024 Бейсенбі

Кеше елорданың Орталық саябағында Ташкенттің Астана қаласындағы мәдениет күндері ашылды. Бүгін де жалғасын іс-шаралар Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің Қазақстанға мемлекеттік сапарына орайластырылған. Ташкент әртістерінің қатысуымен қызықты концерттік бағдарлама, ұлттық өнер және қолөнер көрмелері ұсынылды.

Өзбекстан елі мен астананың туристік әлеуеті таныстырылып, дәстүрлі өзбек тағамдары сатылды.

– Өзбекстан мен Қазақстанның тығыз әріптестігі, достығы аясында Астанада қала тұрғындары мен қонақтарына арналған іс-шаралар өтіп жатыр. Бұл – достығымыз бен әріптестігіміздің жарқын мысалы. Біз елдеріміздің мәдениеттері мен дәстүрлерінің байлығын көрсете отырып, Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы байланысты нығайтуға ұмтыламыз, – деді Ташкент әкімінің баспасөз хатшысы Гульноза Касимова.

Оның айтуынша, Ташкенттің Астана қаласындағы мәдениет күндері аясында бірнеше бизнес-форум ұйымдастырылады. Келушілер самса, палау мен өзбектің дәстүрлі тағамы – халемнен дәм тата алады.

Астананың амфитеатрында Өзбекстанның белгілі әртістері,



ТАШКЕНТТІҢ АСТАНАҒА ТАРТУУЫ

атап айтқанда, Қазақстан мен Өзбекстанның халық әртісі Фаррух Закиров, опера әншісі, Өзбекстанның халық әртісі Жеңісбек Пилязов, «Бахор» ұлттық би ансамблі, басқа да эстрада жұлдыздары өнер көрсетті.

Ал Ұлттық музейде Өзбекстанның бейнелеу және қолданбалы өнер көрмесі ашылды. Оған Өзбекстан суретшілерінің 80-ге жуық картинасы мен қолданбалы өнер шеберлері жасаған 100-ден астам бұйым қойылды. Көрменің ашылу салтанатында Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігі мәдениет комитетінің төрайымы Күміс Сейітова мұндай көрмелер екі бауырлас мемлекет арасындағы мәдени байланыстың қарқынды дамуына септігін тигізіп, түбі бір түркі тілдес қос халықтың тамыры тереңде екенін айғақтайтынын атап өтті.

Өз кезегінде Өзбекстан Өнер академиясының төрағасы Акмаль Нуридинов екі елдің өнерпаздары бірігіп, тығыз қарым-қатынас орнатып, түркі әлеміне ортақ мәдениетті дамыту керекін айтты.



Көрмеге Алишер Хамдамов, Татьяна Фадеева, Файзулла Ахмадалиев, Шахноза Абдуллаева, Бахтиер Махкамов, Хуршид Зияханов сынды қыққалам шеберлерінің туындылары

қойылды. Экспозициядағы заманауи кескіндеме туындылары Шығыстың ежелгі аңыздарынан, поэзиясы мен тарихынан рухтанған романтикалық бейнелерден бастап,

Өзбекстанның әсем табиғаты мен ұлттық тұрмысына тән сипаттарын ашып көрсететін нақты сюжеттерге дейінгі суретшілердің стилистикалық ерекшеліктерінің әр алуан-

дығын, қызығушылықтары мен шығармашылық көзқарастарының кең ауқымын көрсетеді.

Көрменің қолданбалы өнер бөлімінде Өзбекстанның дәстүрлі өнерін паш ететін туындылар ұсынылған. Мұнда ташкенттік заманауи шеберлердің ағаш бұйымдары, Бұхара мен Самарқанд шеберлерінің сюзане кестелері, марғұландық шеберлердің қолдан тоқыған атластары мен жібектері, Риштан мен Гиждуван шеберлерінің нақыштары мен миниатюралары, керамика бұйымдары қойылған.

Сонымен қатар Өзбекстан киносы күндерінің аясында режиссер М.Эркинов 2023 жылы түсірген «Абдулла Орипов: Тәуелсіздік жыршысы» фильмі мен отбасылық құндылықтар тақырыбын әзілмен айтатын «Яша, Хотин!» (Жарайсың, әйелім!) комедиясының көрсетілімі өтті. Алғашқы фильм көрнекті ақын, Өзбекстанның мемлекеттік әнұраны мәтінінің авторы Абдулла Ориповтың өмірі мен шығармашылығы туралы баяндайды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ
Алина ИМАМБАЕВА

ҚАЛАМГЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аманат партиясының елорданың Сарыарқа аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Кітап-Аманат» кітап орталығында ақын, аудармашы, әдебиет сыншысы, тарих ғылымдарының кандидаты Сұраған Рахметұлымен кездесу өтті.

Жастардың қатысуымен өткен ашық диалог алаңында ақынның өмірі, шығармашылығы, руханият, қоғамдағы өзгерістер және адамдарды кітап оқуға ынталандыру туралы әңгіме болды.

Баянөлгей аймағында туған қаламгер Моңғолияның мемлекеттік басқару академиясында, аймақ әкімінің іс басқармасында, бірқатар басылымдар мен аймақтық Қазақ радиосында қызмет істеді. Моңғолия мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер атағын иеленді. «Моңғолия мен Қытайды мекеңдеген қазақтардың саяси өмір тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертацияны қорғады. Оның «Жұлдыздың лағыл елесі», «Ақ тегершік», «Түске оранған күз», т.б. жыр жинақтары, «Құжыр-



ты құрбандары», «Қобдаға асқан қоңыр ел» аталатын тарихи-монографиялық кітаптары жарық көрді. Аудармашы ретінде қытай, моңғол, Еуропаның танымал ақындарының өлеңдерін аударды.

Мәдениет пен руханияттың өзекті мәселелері талқыланған кездесу пікір алмасу түрінде жалғасып, жастар өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтарына жауап алды.

ЖАҢА МУРАЛ КӨЗ ТАРТАДЫ

Сарыарқа ауданы Қарталы көшесі 5/1 мекенжайында «Шаңырақ» атты жаңа мурал пайда болды.

Қазақ отбасы ұлттық киіммен өрнектелген бұл муралда салт-дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы, бірлігі бейнеленген.

Муралдың орталық элементі – шаңырақ, яғни қазақ үйдің жоғарғы бөлігі, тектілік, қара шаңырақ.

Шаңырақ қазақ мәдениеті мен отбасылық құндылықтардың негізін білдіреді. Жанұя бейнесінің жоғарғы тұсындағы шаңырақтың суреті отбасылық тығыз байланысты, үйлесімділік пен ата-бабаларға деген құрметтің маңыздылығын еске салады.

Сонымен қатар Бейбарыс Сұлтан көшесінде 8-14 қыркүйегі аралығында қалада өтетін Дүниежүзілік көшпенділердің ойындарына арналған «Бүркітші» атты жаңа мурал пайда болды. Оның биіктігі – 16 метр. Онда бүркітті аспанға ұшырған бүркітші ер адам бейнеленген, бұл ойындардың басталуын білдіреді. Суреттің фонында көшпенділердің көркем жерлері, көшпелі өмір бостандығы мен мәдени дәстүрді



бейнелейтін таулар мен киіз үйлер бар.

Еске салайық, Орталық Азияның көшпелі этностарының халықтық ойындары көрсетілетін ДКО-на

әлемнің 89 елінен 2000-ға жуық спортшы қатысады деп күтілуде. Осыған орай қазіргі таңда қалада түрлі муралдар бой көтеріп, қала аумағы безендірілуде.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №94

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР